



АО "НК "QazExpoCongress»

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2025





МАЗМҰНЫ

1-бөлім Басшының сөзі	4
2-бөлім Компания туралы	6
3-бөлім Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері	11
4-бөлім Өткен жылғы негізгі оқиғалар мен жетістіктер	20
5-бөлім Жарғылық капиталдың құрылымы	21
6-бөлім 2026 жылғы негізгі мақсаттар мен жоспарлар	22
7-бөлім Тәуекелдерді басқару жүйесі	22
8-бөлім Корпоративтік басқару	23
9-бөлім ESG қағидаттарын енгізу және оларды қолдану	37
10-бөлім Экологиялық саясат	41
11-бөлім Салыстырмалы талдау және қол жеткізілген прогресс (регресс)	42
Байланыс ақпараты	43
1-қосымша. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп	44



**«QazExpoCongress» ҰК»
АҚ Директорлар кеңесінің
төрағасы
Серік Мақашевич Жұманғариннің сөзі**

Құрметті әріптестер, қымбатты достар!

2025 жыл Компания үшін Қазақстанның конгресс-көрме қызметі, іскерлік туризм және халықаралық ынтымақтастық саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық міндеттерді іске асырудың маңызды кезеңіне айналды.

«EXPO 2017 Astana» кешенінің мәдени мұра объектілерін сақтау және дамыту ерекше маңызға ие. EXPO кешенінің аумағы – қазіргі уақытта халықаралық ұйымдардың, қаржы институттарының, IT-компаниялар мен білім беру мекемелерінің, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар мен инновациялық жобалардың басын қосатын заманауи экожүйе. Мұндай іскерлік және технологиялық кластерді қалыптастыру адами капиталды дамытуға, кәсіпкерлікті қолдауға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға септігін тигізеді.

Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Оның негізгі мақсаты – экономиканың барлық саласына озық технологияларды енгізу. Елордада технологиялық шешімдерді енгізуге қажетті инфрақұрылым белсенді қалыптасуда. Атап айтқанда, іскерлік орталық аумағында ғылым, стартаптар мен индустрия өкілдері бірыңғай экожүйеде жұмыс істейтін «EXPO Exponential Cluster» инновациялық алаңы іске қосылуға дайын.

Есепті жылы Компания тұрақты операциялық және қаржылық нәтижелерге қол жеткізді. EXPO кешені объектілерінің 100% толтырылуы қамтамасыз етіліп, резидент ұйымдардың саны 272 бірлікке жетті. Ал ондағы қызметкерлер мен резиденттердің жалпы саны 15 мыңнан асты. Бұл цифрлар EXPO инфрақұрылымына сұраныстың жоғары деңгейін және іске асырылып жатқан даму жоспарының тиімділігін растайды.

Компанияның қаржылық нәтижелері жақсарып келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша конгресс-көрме іс-шараларын өткізуге, сондай-ақ кеңсе және сауда жылжымайтын мүлікке алаңдарды жалға беруден түскен түсім жоспарлы көрсеткіштерден асып, 14 млрд теңгені құрады. Қол жеткізілген нәтижелер Компанияның бизнес-моделінің тұрақтылығы мен басқару тиімділігінің жоғары екенін көрсетеді.

Жылдың ең маңызды жетістіктерінің бірі – Қазақстан Республикасының «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесіне табысты қатысуы. Қазақстанның ұлттық павильоны жоғары халықаралық бағаға ие болып, «С» үлгісіндегі павильондар арасында «Көрме тақырыбын ашу» (Theme Development) номинациясында бірінші орынды жеңіп алды. Бұл нәтиже ұйымдастыру жұмысының жоғары екенін, павильон тұжырымдамасының терең мазмұнын және Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға әсер еткенін көрсетті. Қазір Компания «EXPO 2027 Belgrade» халықаралық мамандандырылған көрмесіне еліміздің қатысуына дайындықтың белсенді кезеңін бастады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және есепті кезеңнің негізгі жобаларын іске асыруға үлес қосқан басшылыққа, Компания ұжымына және барлық әріптестерге алғысымды білдіремін.

Компанияның жинақталған тәжірибесі, дамыған инфрақұрылымы мен жоғары кәсіби әлеуеті стратегиялық бастамаларды тиімді іске асыруға, Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға және елдің іскерлік, инвестициялық және көрме экожүйесін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін.



**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасы Дияс Сержанович
Азбергеновтің сөзі**

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2025 жыл біздің Компаниямыз үшін орнықты даму, ауқымды халықаралық жобалар және елеулі жетістіктер кезеңі болды. Бұл кезең EXPO іскерлік орталығы мен конгресс-көрме қызметінің Қазақстанның халықаралық имиджін нығайтудағы стратегиялық рөлін тағы бір рет растады.

Бүгінгі таңда Компанияның миссиясы – Қазақстанның оң имиджін ілгерілету, EXPO әлемдік көрме алаңдарында сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ бизнес, инновациялар және іскерлік туризм үшін экологиялық, жайлы әрі қауіпсіз кеңістіктер ұсыну.

Есепті жылы біз EXPO кешені объектілерінің 100 пайыздық жүктемесін қамтамасыз еттік. Іскерлік орталық аумағында 270-тен астам резидент ұйым жұмыс істейді. Ал қызметкерлер мен резиденттердің жалпы саны 15 мың адамнан асты. Бұл деректер бизнестің тұрақтылығы мен қалыптасқан экожүйенің тиімділігін айқын растайды.

Компания IT саласын және инновациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ «Exponential Cluster» тұжырымдамасын қабылдау шеңберінде іскерлік орталықты трансформациялауға кірісті. Кластердің өзегі «Astana Hub» халықаралық IT-стартаптар технопаркі мен «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығы болмақ. Оның айналасында түрлі бағыттар бойынша технологиялық орталықтарды дамыту үшін әріптестерді тарту жұмыстары жүргізіледі.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту аясында кешен аумағында жаңа зияткерлік қауіпсіздік жүйелері жұмыс істейді. Бұл шаралар орнықты даму мен цифрландырудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін заманауи және қауіпсіз кеңістік құруды көздейді.

Компания «EXPO 2017» кешенінің мәдени мұра объектілерін сақтау және дамыту жөніндегі маңызды стратегиялық міндетті орындауды жалғастыруда. Бүгінгі таңда EXPO аумағы – тек заманауи іскерлік алаң ғана емес, сонымен қатар инновациялар, қаржылық технологиялар, кәсіпкерлік және халықаралық ынтымақтастық орталығы.

2025 жылы конгресс-көрме қызметін дамытуға ерекше назар аударылды. Компания Астана қаласында өткен «Astana Think Tank Forum» халықаралық форумының операторы әрі ұйымдастырушысы болды. Сондай-ақ Компания мемлекет басшыларының, халықаралық ұйымдардың, бизнес және сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен өткен көптеген халықаралық кездесулердің, форумдардың, көрмелер мен іскерлік іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз етті.

Біз Компаниямыздың бүкіләлемдік EXPO 2025 Osaka көрмесінде елді сәтті таныстырғанын мақтан тұтамыз. Қазақстанның ұлттық павильоны «С» үлгісіндегі павильондар арасында «Көрме тақырыбын ашу» (Theme Development) номинациясында бірінші орын алып, үздіктер қатарына енді. Бұл – еліміздің шығармашылық әлеуеті, мәдени мұрасы мен инновациялық дамуына берілген маңызды халықаралық баға.

Компания еліміздің «Expo 2027 Belgrade» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуына дайындық жұмыстарын бастағанын атап өткім келеді.

Жылдың маңызды нәтижесі – халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Компания «Messe Frankfurt Group», ICCA (Халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығы), «Росконгресс» қоры, Ресейдің көрмелер мен жәрмеңкелер одағы, Қытайдың сыртқы сауда орталығы, Башқұртстан Республикасының Конгресс-бюросы және басқа да халықаралық құрылымдарды қоса алғанда, әлемнің жетекші ұйымдарымен және көрме индустриясының қатысушыларымен өзара іс-қимылды кеңейтті. Компаниямыздың UFI дүниежүзілік көрме индустриясы қауымдастығына мүше болуы – қызметіміздің халықаралық сапа стандарттарына сай екеніндігін дәлелдейді.

Жыл бойы Конгресс-орталық пен EXPO халықаралық көрме орталығының алаңдарында әртүрлі деңгейдегі 180-ге жуық іс-шара өткізілді. Оларға келген келушілердің жалпы саны 500 мыңға жуық адамды құрады. Сонымен қатар, EXPO аумағы қоғамдық ортаны дамытып, корпоративтік мәдениетті нығайтатын мәдени, әлеуметтік және спорттық іс-шаралар өтетін кеңістікке айналды.

Компанияның қаржылық көрсеткіштері тұрақты оң серпінді көрсетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша конгресс-көрме іс-шараларын өткізуге, сондай-ақ кеңсе және сауда жылжымайтын мүлікке алаңдарды жалға беруден түскен түсім жоспарлы көрсеткіштерден асып, 14 млрд теңгені құрады. Қол жеткізілген нәтижелер активтерді басқарудың жоғары тиімділігін және EXPO инфрақұрылымының сұранысқа ие екенін көрсетеді.

2025 жылғы барлық жетістігіміз Компания ұжымының кәсібилігі, жауапкершілігі мен адалдығының, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен серіктестердің көрсеткен қолдауының арқасында жүзеге асты.

Болашақта Компаниямыз Қазақстанның заманауи халықаралық іскерлік туризм, көрме индустриясы және жаһандық диалог орталығы ретіндегі орнын нығайта беретініне сенімдімін.

Компаниямыз бен еліміздің дамуына қосқан үлесі үшін, сондай-ақ көрсеткен сенімі мен бірлескен жемісті жұмысы үшін барлық серіктестеріміз бен қызметкерлерімізге шынайы алғысымызды білдіремін.

2-БӨЛІМ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысымен құрылды.

Компания қызметінің негізгі мәні – халықаралық мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейінгі пайдалану, сондай-ақ халықаралық көрмелерге қатысу.

Компанияның стратегиялық рөлі — халықаралық конгресс-көрме және имидждік іс-шараларды ұйымдастыру, инновацияларды ынталандырып, қаржы және IT секторларын дамыту, сондай-ақ «EXPO-2017» көрмесінің бірегей мұра объектілерін сақтау, дамыту және тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 955 «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы деп қайта атау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына сәйкес «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ 2020 жылғы 18 ақпанда «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) болып қайта тіркеуден өтті.

Компанияның мемлекеттік тілдегі толық атауы – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («QazExpoCongress» ҰК) АҚ), орыс тілінде – Акционерное общество «Национальная компания «QazExpoCongress» (АО «НК «QazExpoCongress»), ағылшын тілінде – «QazExpoCongress» National company» Joint Stock Company («QazExpoCongress» NC» JSC).

Компанияның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/13 ғимарат.

Компанияның негізгі қызметі:

- халықаралық көрмелерге, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу;

- Компанияның меншікті мүлкін жалға беру және басқару арқылы халықаралық мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейін пайдалану;

-Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрме, сауда-көрме іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу.

Даму жоспары:

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ 2025-2034 жылдарға арналған даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 27 қарашадағы №1004 қаулысымен бекітілген.

КОМПАНИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢДЕР



МИССИЯСЫ:

Қазақстан Республикасының оң имиджін ілгерілету және EXPO әлемдік көрме объектілерінде сауда-экономикалық байланыстарды нығайту, сондай-ақ Қазақстанда бизнес пен іскерлік туризмді дамыту үшін экологиялық таза, жайлы және қауіпсіз орынжайлар, павильондар мен конгресс-көрме алаңдарын ұсыну.

ПАЙЫМЫ:

Халықаралық экономикалық интеграцияны қолдауға және MICE-туризмді дамытуға қажетті инфрақұрылым мен қызметтерді мемлекеттік және халықаралық деңгейде ұсынатын бәсекеге қабілетті әрі қаржылық тұрақты компания. EXPO іскерлік орталығының аумағы бизнес жүргізетін беделді, елорда тұрғындары мен қонақтарының бос уақытын өткізетін экологиялық және қауіпсіз орынға айналады.

Қызмет бағыты

Қазақстанның сапалы әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, EXPO кешені аумағында инновациялық инфрақұрылым мен объектілерді құру, сақтау және дамыту, сондай-ақ жаһандық сын-қатерлерге төзімді бизнес-модель құру жөніндегі басқарушы Компания ретіндегі өз рөлін іске асыру қажеттілігіне сүйене отырып, Компания өзі үшін мынадай миссия мен пайымды айқындайды.

Бүгінгі күні Компанияның қаржылық, білім беру, конгресс-көрме, инновациялық қызмет және Қазақстанда сауда инфрақұрылымын дамыту саласындағы озық тәжірибелерді ілгерілететін заманауи іскерлік кеңістік құру миссиясы орындалды.

Компанияның жаңа миссиясы – Қазақстан Республикасының оң имиджін ілгерілету және оның EXPO әлемдік көрме объектілеріндегі сауда-экономикалық байланыстарын дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ елімізде бизнес пен іскерлік туризмді өркендету үшін экологиялық, жайлы әрі қауіпсіз орынжайлар, павильондар мен конгресс-көрме алаңдарын ұсыну.

Стратегиялық перспективадағы пайымға сәйкес, Компания 2034 жылға қарай MICE-туризмді мемлекеттік және халықаралық деңгейде дамытуға қажетті инфрақұрылым мен қызметтерді ұсына отырып, халықаралық экономикалық интеграцияға ықпал ететін бәсекеге қабілетті және қаржылық орнықты Компанияға айналады. EXPO іскерлік орталығының аумағы бизнес жүргізу мен іскерлік туризмді дамытудың беделді орнына айналып, елорда тұрғындары мен қонақтарының бос уақытын қауіпсіз әрі экологиялық таза аймақта өткізуге қолайлы болады.

Жарғыға сәйкес Компания қызметінің басым түрлері мыналар болып қала береді:

- 1) «EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағын Қоғамның меншікті мүлкін жалға беру және басқару арқылы пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрме мен сауда-көрме іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;
- 3) меншікті мүлікті жалға беру және пайдалану.

EXPO іскерлік кешені жалпы ауданы 25 гектар болатын жер учаскесінде бірыңғай сәулет-инженерлік тұжырымдама шеңберінде жұмыс істейді. Ғимараттар мен құрылыстардың жалпы ауданы 530 мың шаршы метрді құрайды, оның ішінде жерасты паркінгінің ауданы – 101 мың шаршы метр.

Есепті жылы объектілерді толтыру деңгейі 100% құрады, ал резидент ұйымдардың саны 272 бірлікке, резиденттер мен қызметкерлер саны 15 мың адамға жетті.

Қызметтің маңызды бағыттарының бірі – ел аумағында да, одан тыс жерлерде де кез-келген деңгейдегі имидждік, мемлекеттік және халықаралық конгресс-көрме іс-шараларын өткізу.

Компания ірі халықаралық және мемлекеттік көрмелерді, жәрмеңкелерді, форумдар мен конгрестерді ұйымдастыру мен өткізу ісіндегі негізгі операторы болып табылады. Мұндай ауқымды іс-шараларды өткізу Қазақстанның оң имиджін қалыптастырып, оның экономикалық және мәдени әлеуетін көрсетеді. Бұл елдің жаңа технологиялары мен өнімдерін паш етіп, клиенттер базасын кеңейтуге және инвесторларды тартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, халықаралық аренадағы беделіміз артып, Қазақстанның инвестициялар мен іскерлік ынтымақтастықтағы сенімді әрі перспективалы серіктес ретіндегі орны нығая түседі. Мәселен, 2025 жылы Астана «AstanaThinkTankForum» халықаралық форумы сәтті өтті.

Бұдан басқа, Компания елдің көрме индустриясын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл ретте көрме индустриясы – елдің MICE-туризмінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол өз кезегінде қызмет көрсету саласы мен шағын және орта бизнеске (ШОБ) елеулі мультипликативтік әсер етеді. Сондай-ақ, мемлекеттік іс-шаралар тұрақты негізде өткізіледі. Мысалы, 2024-2025 жылдары Компания үкіметаралық комиссиялар, экспорттаушылар мен бизнес-форумдар, сондай-ақ әртүрлі елдердің делегацияларымен жоғары деңгейдегі 30-дан астам іскерлік кездесу ұйымдастырды. Екіжақты қатынастар орнатылып, «Росконгресс» қорымен, Ресей көрмелер мен жәрмеңкелер одағымен, «Messe Frankfurt Group» компаниясымен, Қытай сыртқы сауда орталығымен, Башқұртстан Республикасының Конгресс-бюросымен және өзге де ұйымдармен меморандумдарға қол қойылды.



Сонымен қатар, Компания UFI Дүниежүзілік көрме индустриясы қауымдастығының «Көрме орталығы» санатындағы мүшесі болып табылады. Бұл әлемдік көрме стандарттарына сәйкестігін көрсетеді және конгресс-көрме қызметін дамытуға қосымша серпін береді.

Компания қызметінің тағы бір негізгі түрі — халықаралық имидждік іс-шараларды ұйымдастыру және EXPO халықаралық көрмелерінде Қазақстанды таныстыру. Сонымен, Компания «EXPO-2017 Astana» негізгі операторы болды, сондай-ақ «EXPO 2015 Milan», «EXPO 2016 Antalya», «EXPO 2020 Dubai», «EXPO 2025 Osaka» халықаралық мамандандырылған көрмелерінде Қазақстанның павильондарын ұсынды. Ұйымдастырылған көрмелер Компанияның кәсібилігі мен тиімділігінің жоғары деңгейін көрсетті. Сонымен, «EXPO 2025 Osaka» көрмесінің алты айы ішінде ұлттық павильонға 1,5 миллионнан астам келуші келді, сондай-ақ онда 400-ге жуық ресми жапондық және шетелдік делегация қабылданып, 14 мәдени-іскерлік іс-шара өтті. Қазақстан павильоны «С» үлгісіндегі шағын павильондар арасында «Көрме тақырыбын ашу» тақырыбын ашу номинациясында бірінші орынды иеленді. Қазіргі уақытта Қазақстанның «EXPO 2027 Belgrade» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуы жоспарланып отыр.

2025 жылғы 1 шілдеде «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 349 қаулысы күшіне енгенін атап өту маңызды, оған сәйкес «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларының 100 (жүз) пайыз мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді. Компанияның ведомстволық бағыныстылығының өзгеруіне байланысты инновациялық даму мен цифрландырудың жаңа міндеттері мен бағыттары пайда болды.

Expo іскерлік кешенін «Exponential Cluster» трансформациялау аясында Компания ең жаңа зияткерлік қауіпсіздік жүйелерін енгізуді жоспарлап отыр. Бұл шаралар орнықты даму мен цифрландырудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін заманауи әрі қауіпсіз кеңістік құруға бағытталған.

Компанияның басқаруындағы барлық мәдени мұра объектілерін дамыту әлеуетін табысты іске асыру және олардың 100 %-дық жүктемесі өңірдің экономикалық белсенділігін арттыруға, бизнес-ортаны, астананың бос уақыт аймағын дамытуға және халықтың тұрақты және инновациялық даму туралы хабардар болу деңгейін арттыруға ықпал етеді.



3-БӨЛІМ

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының «EXPO-2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету

Контенттік мазмұны

Жапонияның Осака қаласындағы ауданы 155 гектар болатын Юмешима жасанды аралында 2025 жылдың 13 сәуірі мен 13 қазаны аралығында «Designing future society for our lives» – «Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру» тақырыбында «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесі өтті. Көрменің негізгі ішкі тақырыптары: «Өмірді құтқару», «Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту» және «Өмірді біріктіру».

Көрмеге 160 ел мен 10 халықаралық ұйым қатысты. Келушілер саны 29 млн. астам адамды құрады, сондай-ақ 3 мыңға жуық іскерлік және мәдени-ойын-сауық іс-шара өтті.


Мемлекет басшысының 2023 жылғы 2 наурыздағы тапсырмасына сәйкес «QazExpoCongress» ҰК» АҚ «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесіне елдің қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі техникалық оператор болып белгіленді. Осы бағытта 2023 жылғы 10 шілдеде елдің көрмеге қатысу шартына ресми түрде қол қойылды.

Павильонның негізгі идеясы – мәдениеттер мен халықтардың бірлігін бейнелейтін шаңырақ символикасы арқылы «Өмірлерді біріктіру» тақырыбын ашу.

Тұжырымдама төрт негізгі аймақты қамтиды: «Connecting the Legacy», «Connecting People», «Connecting Opportunities» және «Connecting Lives».


Павильон философиясы үш қағидаға негізделген: толеранттылық, бірлік және әлеует.

Қазақстан павильоны – әрбір келуші өзін ортақ тұтастықтың бір бөлігі ретінде сезіне алатын, әртүрлі елдердің мәдени мұрасы біріктірілетін орын.



«С» санатындағы павильонның ауданы – 75 шаршы метр:

- көрме алаңы – 63 шаршы метр
- кеңсе бөлмесі – 12 шаршы метр



1-аймақ – Connecting the Legacy



2-аймақ – Connecting People



3-аймақ – Connecting Opportunities




4-аймақ - Connecting Lives

Қазақстан Республикасының Ұлттық павильоны – жаңа технологиялар арқылы елдің мәдениетіне, тарихына және болашағына жол ашатын цифрлық әлем. «Шаңырақ» символына негізделген тұжырымдама интерактивті аймақтарды біріктіреді. Мұнда көп қырлы мұраны көрсететін 3D маппинг пен келушілердің жүздері біртұтас визуалды кенепке айналатын иммерсивті проекциялық шоу көрсетіледі. Экспозицияның әрбір элементі – Қазақстанның экология, туризм, инновация және тұрақты даму салаларындағы әлеуетін зерттеуге шақырып, қонақпен диалог орнататын маңызды бөлік.

Елдің инвестициялық және экономикалық әлеуетін көрсетуге ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, негізгі салалар, табиғи ресурстар, туристік және инновациялық әлеует, сондай-ақ «жасыл» энергетика және тұрақты даму саласындағы жетістіктер ұсынылды. Павильон пікір алмасу, мәдени қарым-қатынас орнату және жаһандық деңгейде жаңа серіктестіктер құру үшін заманауи алаңға айналуға арналған.

Павильонда ағзаларды трансплантациялау және оқшауланған органдарды сақтауға арналған инновациялық «ALEM» (Astana life Ex-situ Machine) құрылғысы ұсынылады.

Жетекші қазақстандық медициналық зерттеушілер мен инженерлер әзірлеген «ALEM» аппараты донорлық органдардың ғұмырын 24 сағаттан астам уақытқа ұзартуға және оларды дене сыртында емдеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе ағзаға қажетті жағдайды түгел жасап, оның жарамдылығын тексеруге жол ашады. Бұл жаңалық регенеративті медицинада өмір құтқару мүмкіндігін кеңейтетін жаңа дәуірдің басталғанын білдіреді. Қазақ халқының дәстүрі мен қонақжайлылық мәдениетіне сәйкес, павильонның ашылу күні ұлттық тағамдар ұсынылғанын айта кету керек.



Павильонның операциялық қызметін қамтамасыз ету

Қазақстан павильоны ресми түрде 2025 жылғы 13 сәуірде ашылды. Көрме ашылғаннан бері павильон қонақтардың көп келетінін және үнемі қызығушылық танытатынын көрсетті.

2025 жылдың 26 сәуірінде, көрме ашылғаннан кейін 13 күн өткенде, павильон өзінің 100 мыңыншы келушісін қабылдады. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Жапониядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерлан Баударбек-Қожатаев қатысты.

Кейіннен павильон өзінің 500 мыңыншы және миллионыншы келушілерін салтанатты түрде қарсы алды.

2025 жылғы 10 тамызда Осака қаласында өткен көрмеде Қазақстан Республикасының Ұлттық күнін мерекелеу аясында бірқатар ресми, іскерлік және мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Делегацияны Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі басқарды.

Салтанатты шара ұлы ақын, ойшыл және қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Осы күн аясында 7 іс-шара өткізілді.

«National Day Hall «Ray Garden» негізгі алаңының бірінде Қазақстан мен Жапония тарапынан 400-ден астам қонақ қатысқан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру және Әнұранын орындау рәсімі өтті.

Ресми рәсімнің концерттік бағдарламасында «Sarmad» этно-фольклорлық ансамблі, «ART DOMBYRA» дуэті, опера әншісі Зарина Алтынбаева және «Бірлік» би ансамблі өнер көрсетті.

Қазақстан павильоны көрме аумағында өткен салтанатты шеруге қатысты.



Салтанатты шеру легінде Сергей Цырульников, «Арлан» театрының әртіс-батырлары, Дина Нұрпейісова атындағы Қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің ұжымы, сондай-ақ Ұлттық павильон қызметкерлері мен стендшілері өнер көрсетті. Сондай-ақ шеруге 4,2 миллионнан астам жазылушысы бар жапондық блогер-полиглот Юджи Белеза қатысты.

Шараға 50-ден астам адам қатысып, ал мерекелік шеру легінің ұзындығы шамамен 40 метрді құрады.



Сондай-ақ Қазақстан павильонының жанындағы ашық алаңда және «Shining Hat» EXPO Hall залында академиялық оркестрдің қатысуымен концерттер өтті. Кешкі концертке шамамен 3 мыңға жуық көрермен жиналды.

Сонымен қатар еліміздің Ұлттық күні аясында Астана қаласы мен Ұлытау облысының әкімдіктері арнайы бағдарламалар әзірледі.

Елорда әкімдігі әзірлеген бағдарлама аясында театрландырылған қойылымдар, мәдени көрмелер мен шығармашылық шаралар ұйымдастырылды. Бұл қонақтарға еліміздің бай тарихын, сан қырлы мәдениеті мен жасампаз әлеуетін жан-жақты тануға мүмкіндік берді.

Күні бойы Гиннес рекордтар кітабының иегері Сергей Цырульниковтың өнері, Ринат Әбдірахмановтың ағаш ою шеберлігіне арналған арт-қойылымы, «DALA» брендінің ұлттық киімдер көрсетілімі, «Visit Astana» танымдық викториналары мен ұтыс ойындары, сондай-ақ танымал блогер Юджи Белезаның тікелей эфирлері ұйымдастырылды.



Ұлытау облысының экспозициясында заманауи технологиялар мен жанды этнография элементтері өзара ұштасқан. Бұл шетелдік қонақтардың өңірді Қазақстанның рухани және тарихи орталығы ретінде танып, оның бай мұрасы туралы тұтас түсінік қалыптастыруына мүмкіндік берді.



Қазақстан Республикасының көрмеге қатысуы аясында 14 іскерлік және мәдени іс-шара өткізілді, оның 6-сын Компания, ал 8-ін мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұйымдастырды. Бұл ретте Компания аталған шараларды өткізуге толық ұйымдастырушылық қолдау көрсетті.

➤ «Playing and Learning» тақырыптық апталығында «Astana Hub» резиденті – AIKA» платформасы таныстырылды

- жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын қолдауға арналған жасанды интеллект технологиялары таныстырылды
- Шараға 100-ден астам адам қатысып, олардың арасында мобильді қосымшаны тестілеу жұмыстары жүргізілді
- Шара барысында АҚШ-та өтетін беделді «TechCrunch» конференциясына ресми шақыру алынды.

➤ «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ – Осака және Токио қалаларындағы роуд-шоу (4 қыркүйек).

- Шара барысында «Skyway», «Kompass», «MLtour», «Air Astana» және «Керуен сарайы» сияқты отандық туристік ұйымдар Осака қаласының туристік компанияларымен B2B форматында кездесулер өткізді
- Жапонияның он жетекші туроператоры Қазақстанға ақпараттық сапармен келеді
- «Токио – Алматы» бағыты бойынша тікелей әуе рейсін іске қосу (2026 жылғы наурыз).

➤ «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ (23 қыркүйек)

- Қазақстанның орнықты даму және жасыл технологиялар саласындағы бастамалары ұсынылды
- Жапонияның жетекші компанияларымен B2B форматында іскерлік кездесулер өткізу
- Жаңа бағыттар бойынша ынтымақтастық



Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық көрмелер бюросымен өзара іс-қимыл

Халықаралық көрмелер бюросы (Bureau international des Expositions, Bie, бұдан әрі - ХКБ) 1931 жылы халықаралық (дүниежүзілік) ЕХРО көрмелері туралы 1928 жылғы Париж конвенциясы ережелерінің орындалуын бақылау және оларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысты мәселелер кешенін шешу мақсатында құрылған. ХКБ штаб-пәтері Парижде орналасқан. Қазақстан 1997 жылдан бастап ХКБ-ға мүше және 2005 жылдан бері ЕХРО көрмелеріне тұрақты түрде қатысып келеді. Қазақстан Республикасы ЕХРО-2005 (Айчи, Жапония), ЕХРО-2010 (Шанхай, Қытай), ЕХРО-2015 (Милан, Италия), ЕХРО-2020 (Дубай, БАӘ) және ЕХРО-2025 (Осака, Жапония) дүниежүзілік көрмелеріне, сондай-ақ ЕХРО-2008 (Сарагоса, Испания) және ЕХРО-2012 (Йосу, Корея) халықаралық мамандандырылған көрмелеріне қатысты. Бұдан бөлек, еліміз Антальяда (Түркия) өткен ЕХРО-2016 халықаралық бау-бақша көрмесінде де бой көрсетті.

Халықаралық көрмелер бюросымен өзара іс-қимыл жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

2025 жылғы 6 қыркүйекте ХКБ Бас хатшысы Димитри Керкентзес Қазақстан Республикасының «ЕХРО-2025 Осака» дүниежүзілік көрмесіне қатысуы аясында Қазақстан павильонына ресми сапармен келіп, оны ұйымдастыру деңгейін жоғары бағалады.

«ЕХРО-2025 Osaka» көрмесіндегі Қазақстан Республикасы павильоны қызметін ақпараттық қолдау

Қазақстан павильонының қызметін ілгерілету аясында Instagram әлеуметтік желісінде үш тілде (ағылшын, қазақ және орыс) аккаунттар жүргізіліп, онда 108 материал (посттар, репосттар және т.б.) жарияланды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық күніне орай отандық БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылды. Шараға «24KZ», «Хабар», «Qazaqstan» телеарналары, «Tengrinews», «Zakon.kz», «Inbusiness.kz», «Forbes.kz» ақпараттық порталдары, сондай-ақ «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын» және басқа да жетекші баспа басылымдары қатысты.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қатарында «Euronews» телеарнасы, «Kursiv Media Uzbekistan» порталы және «The Japan News» басылымы бар.

Қазақтың ұлы ақыны әрі ағартушысы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған Қазақстанның Ұлттық күні бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып, халықаралық аренада жоғары деңгейде таныстырылды.

Көрме барысында Қазақстан павильонының беделін арттыру мақсатында жапондық ЕХРО-2025 қауымдастығымен және аккредиттелген БАҚ өкілдерімен тығыз іс-қимыл орнатылды. Аккредиттелген БАҚ үшін павильон бойынша турлар тұрақты түрде ұйымдастырылып, павильонның фото және бейнетүсірілімі жүргізілді. Сонымен қатар журналистермен сұхбаттар өткізіліп, павильон іс-шаралары туралы баспасөз хабарламалары мен пресс-релиздер таратылды.



Компанияның баспасөз қызметі Қазақстан павильонының жұмысын ілгерілету мақсатында 7 пресс-релиз шығарды. Әлеуметтік желілерде жалпы қамтылымы 69,6 мың қаралымды құраған 14 пост және 83,6 мыңнан астам қаралымы бар 64 сторис жарияланды.

Қазақстан павильонын ілгерілету жұмыстарының қорытындысы бойынша БАҚ пен әлеуметтік желілерде барлығы 2007 материал жарияланды. Оның 90,77%-ы оң, 8,33%-ы бейтарап және 0,9%-ы теріс мазмұнда шықты. Материалдардың басым бөлігі, яғни 77,94%-ы (1562 жарияланым) әлеуметтік желілерде жарық көрді. Ал БАҚ-та барлығы 443 материал шықты, оның ішінде: 48-і телеарналарда, 221-і ақпараттық агенттіктерде, 86-сы интернет-басылымдарда және 88-і баспа БАҚ-та жарияланды. БАҚ материалдарының 391-і (88,3%) оң сипатта, 50-і (11,3%) бейтарап және 2-уі (0,5%) теріс мазмұнда шықты. Аталған іс-шараны жария ету барысында республикалық БАҚ-та 325, өңірлік БАҚ-та 93, ал шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында 25 материал жарық көрді. Жалпы қамтылым 2 миллионнан астам адамды құрады.

Павильон қызметі мен оның негізгі экспонаттары туралы жапондық БАҚ-та тұрақты түрде оң пікірлер жарияланып тұрды. Бұл Қазақстан Республикасына деген қызығушылықты арттырып, еліміздің көрмеге қатысу нәтижесін халықаралық деңгейде жоғарылатуға септігін тигізді.

Көрмені өткізу қорытындылары

2025 жылғы 12 қазанда көрменің ресми жабылуы аясында «Expo Awards» марапаттау рәсімі өтті. Шара барысында Қазақстанның Ұлттық павильоны «С» үлгісіндегі (шағын павильондар) «Көрме тақырыбын ашу» («Theme Development») бас номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. Бұл санатта 90-нан астам ел орналасқан. Ел экспозициясы «ЕХРО-2025 Осака» көрмесінің тақырыбын өзіндік ерекшелікпен және мазмұнды етіп ашқаны үшін жоғары бағаланды.

Көрме барысында Қазақстан павильонына шамамен 1,5 миллион адам, сондай-ақ 400-ге жуық жапондық және шетелдік ресми делегация келді. Павильонға күн сайын орта есеппен 9 мыңға жуық адам келді.

Сонымен қатар павильонның жарты миллионыншы келушісіне Компанияның авиабилеті салтанатты түрде табыс етілді. Сыйлықтар қатарында «Air Astana» компаниясының Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларға арналған туристік туры (авиабилеттері), сондай-ақ арнайы естелік кәдесыйлар бар.

Павильонның миллионыншы келушісіне «Air Astana» компаниясының 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған «Қазақстан – Жапония» бағыты бойынша авиабилеті, Астана қаласында қонақүйде тегін тұру жолдамасы және арнайы естелік кәдесыйлар табыс етілді.



Компанияның халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету

Компания 2025 жылы келесі халықаралық іс-шараларға қатысты:

1. 2025 жылғы 6-7 тамызда Қытайдың Шанхай қаласында «Messe Frankfurt Asia Holding Ltd» компаниясының өкілдерімен жұмыс кездесуі өтті.

Кездесу барысында халықаралық көрмелер мен іс-шараларды ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық перспективалары, сондай-ақ тәжірибе алмасу және көрме-конгресс қызметіндегі серіктестік қатынастарды дамыту мәселелері талқыланды. Тараптар бұдан былай да өзара іс-қимылды нығайтуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниет білдірді.

2. 2025 жылғы 17-21 қарашада Компания өкілдері Испанияның Барселона қаласында өткен «IBTM World» халықаралық көрмесіне қатысты.

Астана алғаш рет іскерлік туризм, MICE-индустрия және инвестициялық ынтымақтастық саласындағы жетекші әлемдік көрмелердің бірінде таныстырылды.

Көрме аясында оған қатысушылармен бірқатар кездесулер өткізілді. Қазіргі уақытта ICCA-мен (Халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығы) ықтимал ынтымақтастық мәселелері пысықталуда.

3. 2025 жылғы 6-7 желтоқсанда Компания өкілдері Доха қаласында (Катар Мемлекеті) өткен «Doha Forum 2025» халықаралық форумына қатысты.

Форум аясында Астана халықаралық форумы (Astana International Forum – AIF) «Орта державалар – көпір салушылар: жаһандық ынтымақтастықты қайта қарау» тақырыбында халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесіндегі орта державалардың рөліне арналған арнайы сессия өткізді. Форумға қатысу Қазақстанның халықаралық күн тәртібін ілгерілетуге және ірі халықаралық іс-шараларды өткізу бойынша тәжірибе алмасуға септігін тигізді.

4. 2025 жылғы 11-13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі (ХШЖК) аумағындағы Қазақстан Республикасының павильонына жұмыс сапарымен барды.

Іскерлік іс-шаралар

2025 жылы Компания шетелдік өкілдердің қатысуымен бірқатар халықаралық кездесулер мен келіссөздер ұйымдастырды.

Олардың қатарында ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевтің Италия-Қазақстан сауда қауымдастығының президенті Марко Береттамен және Қытай Халық Республикасынан келген делегациямен кездесулері бар. Бұл келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

2025 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің АҚШ делегациясымен кездесуі өтіп, оның барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар Армения Республикасының Премьер-Министрі Н. Пашинян мен Түрікменстан Президенті С. Бердімұхамедовтың «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығына сапары ұйымдастырылды.

Астана халықаралық форумы

2025 жылғы 29-30 мамыр аралығында Компания «Ойларды біріктіру, болашақты қалыптастыру» ұранымен өткен Астана халықаралық форумының операторы және ұйымдастырушысы болды.

Форум 92 елден келген мемлекет басшыларының, халықаралық ұйымдар жетекшілерінің, үкіметтік делегациялар мен сарапшылар қауымдастығының қатысуымен «Hilton Astana» қонақ үйі мен Конгресс-орталық алаңдарында өтті.

Пленарлық отырысқа 1 450 адам қатысты. Форумға келушілердің жалпы саны шамамен 7000 адамды құрады, оның ішінде 2000-ға жуығы – шетелдік қатысушылар. Сондай-ақ, шара аясында 37 демеуші қолдау көрсетті.

Форумның өткізілуі халықаралық диалогты нығайтуға және Қазақстан Республикасының жаһандық аренадағы позициясын ілгерілетуге септігін тигізді.



AIF қолдауымен «Think Tank Forum 2025»

Компания 2025 жылғы 15-16 қазанда AIF қолдауымен «Поляризациядан серіктестікке: халықаралық жүйеге деген сенімді қалпына келтіру» тақырыбында «ASTANA Think Tank Forum 2025» шарасын ұйымдастырды.

Форум аясында 9 тақырыптық сессия ұйымдастырылды. Форумға әлемнің 20 елінен 40-қа жуық шетелдік сарапшы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.



• Бұдан бөлек, Компания бірқатар маңызды халықаралық шаралардың басы-қасында болды. Атап айтқанда, жоғары деңгейде ұйымдастырылған мынадай іс-шараларды атап өтуге болады: Сауда конфигурациясындағы Қазақстан-Еуропалық Одақ ынтымақтастық комитетінің 8-ші отырысы (2025 жылғы 10 маусым); «Қазақстан-Иран» бизнес-форумы және сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық әрі мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның отырысы;

1. Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 20-шы отырысы (2025 жылғы 12 маусым);

2. 2025 жылғы 4 шілдеде жоғары деңгейде өткен Қазақстан-Катар бірлескен комитетінің 7-ші отырысы;

3. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Сербия үкіметаралық комиссиясының 4-ші отырысы (2025 жылғы 7-8 тамыз);

4. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 26-шы отырысы (2025 жылғы 7-8 қараша);

5. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 13-ші отырысы (2025 жылғы 12 қараша);

6. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан–БАӘ үкіметаралық комиссиясының 10-шы отырысы (2025 жылғы 25 қараша).

Үкіметаралық комиссиялардың отырыстары барысында сауда, инвестиция, өнеркәсіптік кооперация, көлік, энергетика, цифрландыру және инфрақұрылымды дамыту мәселелері қаралды. Отырыстардың қорытындысы бойынша тиісті хаттамаларға қол қойылып, екіжақты әрі көпжақты ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған одан әрі іс-шаралар келісілді.



- 21 қазанда Компания Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Д. Еркімбаев Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары барысында Ханчжоу қаласындағы «Hikvision Technology Co., Ltd.» халықаралық компаниясының өндірістік қуаттарымен және заманауи әзірлемелерімен танысты.

Цифрландыру және зияткерлік қауіпсіздік жүйелерін енгізу саласындағы стратегиялық ықпалдастық шеңберінде екі компания басшылығы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат аясында жасанды интеллект технологияларын EXPO іскерлік кешенінің инфрақұрылымына интеграциялау, соның ішінде «Hikvision» зияткерлік шешімдерін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу жоспарланды.



Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында орналасқан «Қазақстан» сауда-көрме орталығы

ХШЖК аумағындағы «Қазақстан» сауда-көрме орталығы (павильоны) 2021 жылдың соңында ашылды. Мәскеу қаласындағы бұл орталық қызметінің негізгі мақсаты – еліміздің жаңа ғылыми-техникалық жетістіктері мен даму бағыттарын көрсету, сондай-ақ келушілерді қазақ халқының бай тарихымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен және тұрмыс-тіршілігімен таныстыру.

Келушілер саны және танымалдылық:

Павильон тұрақты түрде ХШЖК ең көп адам келетін 10 павильонның қатарына кіреді:

- 2022 жылы павильонға 837 мыңнан астам адам келді;
- 2023 жылы – 1 250 331 адам;
- 2024 жылы – 1 080 151 адам;

- 2025 жылы – 1 168 967 адам.

Негізгі жетістіктер:

Мәскеу қаласының үздік реставрациялау объектісі

Реставрациялау жұмыстарына қосқан үлесі және іс-шаралар күн тәртібіне белсенді кіріккені үшін «ХШЖК Алтын белгісі» марапаты.

«Мәдени мұра нысанын заманауи пайдалануға бейімдеп қалпына келтіру» номинациясының жеңімпазы

ЖАЛПЫ АУДАНЫ – 1 210 м2

Павильонның көрме алаңы екі функционалдық аймаққа, яғни атриум мен ғимараттың тарихи бөлігіндегі галереяға бөлінген.

Компания 2023 жылы 30 тақырыптық стендті жаңартты. Сонымен қатар Дубай қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық павильонынан 3 экспонат Мәскеу қаласындағы павильонға көшірілді.

2025 жылы 220-дан астам іскерлік және мәдени іс-шара өткізілді (жоспар бойынша — 75), оның 127-сі коммерциялық негізде ұйымдастырылды.

2025 жылғы негізгі іс-шаралар қатарына мыналар кіреді:

- «Наурыз мейрамы» мерекесі;
- «Imperialis Orchestra» оркестрі ұсынған «Жыл мезгілдері» симфониялық концерт;
- Жеңіс күніне арналған, қазақ диаспорасы мен студенттерінің қатысуымен ұйымдастырылған концерт;
- «Ертіс индустриялық» фотокөрмесі (Ханты-Мансийск автономиялық округі – Югрының «Табиғат және адам» музейімен бірлесіп ұйымдастырылған);
- «Ресей – АЗИЯ ханымы» ұлттық сұлулық байқауы;
- қазақстандық әнші Ержан Нұрғалиевтің «Дударай» атты концерті;
- домбыра үйрену сабақтары;
- қазақ тілін оқыту курстары (сабақтары);
- Мәскеу сән апталығы аясындағы театрландырылған сән көрсетілімі;
- Қазақстан Республикасы күніне арналған Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі джаз оркестрінің концерті;
- Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігімен бірлесіп ұйымдастырылған, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты концерт;
- «КТК» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының халықаралық байқауы аясындағы дарынды балаларға арналған «Jas tolqyn – 2025» концерті;
- балаларға арналған жаңажылдық шырша мерекесі;
- сауда-саттық жәрмеңкелері.



2026 жылға арналған алдағы міндеттер:

туристерді тарту және Қазақстанның бай мәдени мұрасын насихаттау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыру;

мәдени фестивальдер, шеберлік сыныптарын (мастер-кластар) және қазақ тілі курстарын тұрақты түрде өткізу;

жалға беруге жарамды бос алаңдарды коммерцияландыру (тиімді пайдалану);

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігімен және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, отандық көркем және деректі фильмдердің көрсетілімдерін ұйымдастыру;

Қазақстан суретшілерінің шығармашылық көрмелерін өткізу;

қазақ ұлттық мәдениетін насихаттау және заманауи этномәдени мұраны ілгерілету мақсатында қазақстандық дизайнерлер мен сәнгерлерді бірлескен жобаларға тарту.

Конгресс орталығы

Конгресс орталықта халықаралық форумдар, конференциялар, ресми жиындар, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларды өткізуге кең мүмкіндіктер қарастырылған. Объектінің жалпы ауданы 42 542,9 шаршы метрді құрайды, ғимарат 3 қабаттан (немесе 3 залдан) тұрады. Сондай-ақ кешен аумағында 179 автокөлікке арналған жерасты автотұрағы бар.

• Жалпы ауданы 3 000 шаршы метрді құрайтын негізгі зал кеңістікті трансформациялауға және декорацияларды еркін жылжытуға мүмкіндік беретін телескопиялық мінбелермен (орындықтармен) жабдықталған.

Негізгі залдың жалпы сыйымдылығы – 2 102 орын.

• Панельдік сессиялар, дөңгелек үстелдер, таныстырылымдар (презентациялар), конференциялар мен семинарлар өткізуге арналған әмбебап конференц-залдар жылжымалы қалқалармен жабдықталған. Бұл мобильді жүйе зал аумағын тең жартысына (1/2) немесе төрттен бір бөлігіне (1/4) дейін ұтымды бөлуге және кеңістікті икемді түрде өзгертуге мүмкіндік береді.

Кешенде ауданы 170-тен 688 шаршы метрге дейінгі 8 конференц-зал қарастырылған.

Әр залдың жалпы сыйымдылығы 100-ден 600 адамға дейін.

• Кешенде ресми қабылдаулар өткізуге арналған, панорамалық терезелері бар «ASPAN» VIP залы қарастырылған.

Жалпы ауданы: 780 шаршы метр.

Сыйымдылығы: 300 адам.

• «SHANIYRAQ» VIP залы — ресми қабылдаулар, іскерлік кездесулер мен жоғары деңгейдегі іс-шараларды өткізуге арналған заманауи көпфункционалды кеңістік. Зал ұлттық талғам мен заманауи дизайн элементтерін біріктіретін ойластырылған архитектуралық тұжырымдамамен және көз тартар/әсем интерьермен ерекшеленеді.

Жалпы ауданы: 480 шаршы метр.

Сыйымдылығы: 80 адам.

• Ресми келіссөздер мен іскерлік кездесулер өткізуге арналған «ALATAU» залы.

Жалпы ауданы: 216,6 шаршы метр.

Сыйымдылығы: 20 адам.



Іс-шаралар күнтізбесіне сәйкес, 2025 жылы ұйымда 80-ге жуық іс-шара өткізілді. Келушілер саны 100 000 мың адам.

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының қатысуымен 7 іс-шара өткізілді:

- «Жаңа адамдар» жастар форумы;
- Вьетнамның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы То Ламның қатысуымен өтетін «Этноауыл» ұлттық-мәдени кешеніндегі іс-шара;
- Әбу-Даби тақ мұрагері шейх Халед бен Мохаммед бен Заид Әл Нахаянның қатысуымен өтетін «Этноауыл» ұлттық-мәдени кешеніндегі іс-шара;
- «Астана 2025» халықаралық форумы;
- Ауыл әкімдері платформасының диалогы;
- «Алтын сапа» сыйлығы;
- «Қазақстан-Иран 2025» бизнес-форумы.

Басқа да ірі іс-шаралар: «21-ғасырдың қаржылық триггерлері» халықаралық онлайн-форумы (AFM); Азия Паралимпиада комитетінің Бас Ассамблеясы; IFLA WLIC (Дүниежүзілік кітапхана және ақпараттық конгресс); «BI Ecosystem» форумы; «Tengri Power Show» спорттық фестивалі; «Astana Art Fair» халықаралық заманауи өнер жәрмеңкесі; «Жұмысшы мамандықтар жылын» қорытындылау және «Еңбек жолы» республикалық байқауы жеңімпаздарын марапаттау рәсімі және т.б.

Сондай-ақ Dequine, Mdee, Ернар Амандық, Нұрболат Абдуллин сияқты отандық өнерпаздардың, сонымен қатар Баста, Сергей Лазарев, «ЗОЛОТО» және «Браво» тобы секілді танымал шетелдік орындаушылардың қатысуымен ауқымды концерттер өткізілді.

«EXPO» халықаралық көрме орталығы

Халықаралық көрме орталығы (бұдан әрі – ХКО) – бұл ірі халықаралық және ұлттық көрмелерді, конгрестерді, сондай-ақ басқа да ауқымды іс-шараларды өткізуге арналған көпфункционалды бизнес-арена. Жалпы ауданы 22 589,1 шаршы метрді құрайды.

Көрме павильоны заманауи байланыс құралдарымен, инженерлік коммуникациялармен және ыңғайлы кіру жолдарымен жабдықталған. Павильонның техникалық сипаттамалары стенд құрастырушыларға стандартты және эксклюзивті көрме стендтерін орнатуға мүмкіндік береді.

Ауданы 11 844,8 шаршы метрді құрайтын көрме залының бірегейлігі – оның тіреуіш бағандарсыз салынғандығында. Бұл кез келген күрделіліктегі іс-шараларды ең жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Іс-шаралар күнтізбесіне сәйкес, 2025 жылы ХКО-да 100-ге жуық ауқымды жиын мен көрме ұйымдастырылды. Келушілер саны – 270 000 мың адам.

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының қатысуымен 3 ауқымды іс-шара өткізілді:



- «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі;
- «Наурыз мейрамы – 2025» мерекелік іс-шарасы;
- «Digital Bridge 2025» Орталық Еуразия халықаралық технологиялық форумы аясындағы Жасанды интеллектіні (AI) дамыту жөніндегі кеңес

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қатысуымен 3 іс-шара өткізілді:

- «Өңдеу Expo» өңдеу өнеркәсібінің халықаралық көрмесі;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен кездесу;
- «Digital Bridge 2025» Орталық Еуразия халықаралық технологиялық форумы.

Басқа да ірі іс-шаралар: «AgriTek/FarmTek Astana 2025» 20-шы халықаралық мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмесі; «Kazakhstan Security Systems» қауіпсіздік жөніндегі халықаралық көрмесі мен конференциясы; «Flora Expo Astana» халықаралық көрмесі; «Automechanika Astana 2025» халықаралық көрмесі; «Astana Winner-2025» халықаралық иттер көрмесі және «Kazakh Tazy» монотұқымды иттер көрмесі; «ULTTYQ ӨНІМ» отандық өндірушілердің VIII көрмесі; «Этноауыл» ұлттық-мәдени кешеніндегі іс-шаралар; «KIOSH 2025» еңбекті қорғау жөніндегі қазақстандық халықаралық конференция мен көрме; «Jiangsu (Astana) Import & Export Commodities Exhibition» халықаралық көрмесі; «Komtrans + BUSexpo Astana 2025» коммерциялық көлік пен жол-құрылыс техникасы және автобустар көрмесі; «KazAgro/KazFarm 2025» халықаралық ауыл шаруашылығы көрмесі; «United Medical Expo» халықаралық медициналық туризм көрмесі; «KAZTRAFFIC-2025» XXI халықаралық көрмесі; «WorldSkills Kazakhstan 2025» республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты және т.б.

Мәдени іс-шаралар

Компания 2025 жылғы 26-27 шілде аралығында алғаш рет өзінің жеке корпоративтік іс-шарасы – «EXPO SPORT WEEK» спартакиадасын ұйымдастырды. Спорттық іс-шараға EXPO кешені аумағында қызметін жүзеге асыратын 23 компаниядан 370 қызметкер қатысты. Спартакиаданы өткізудің басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, корпоративтік мәдениетті дамыту және EXPO іскерлік қоғамдастығы аясындағы серіктестік байланыстарды нығайту. Екі күн ішінде қатысушылар спорттың алты түрі бойынша бақ сынасты: футбол, волейбол, бильярд, үстел теннисі, шахмат және киберспорт (Dota 2, Counter-Strike 2).

Сонымен бірге, 2025 жылы EXPO іскерлік орталығының жазғы сахнасында және оның іргелес аумағында мәдени әрі әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылды. Осындай іс-шаралардың қатарында «Otbasy Fest» әлеуметтік жобасы, «Барыс» хоккей клубы (ХК) ойыншыларының қолтаңба сессиясы, «Жүрегімнің жеңімпазы» қайырымдылық жарысы, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған және нашар еститін азаматтарға арналған «Саусақ ұшындағы әлем» фестивалі бар.



Фестиваль инклюзияны дамытуға, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған жандар қауымдастығының өкілдері, олардың отбасылары, қоғамдық және мәдени ұйымдар арасында ашық диалог орнатуға бағытталған. Фестиваль аясында шығармашылық қойылымдар, ым-ишара тілінің шеберлік сыныптары, арт-кеңістіктер, инклюзивті бастамалар, сондай-ақ пікірталастар мен тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.



2025 жылдың жазында Компания ЭКСПО іскерлік орталығының аумағында ашық аспан астында (open-air) 13 тегін концерт ұйымдастырды. Атап айтқанда, бұл іс-шаралардың қатарында қазақстандық эстрада жұлдыздары Дастан Оразбеков, Бейбіт Қорған, Марат Думан (MARA Songz), Қайрат Баекенов, «Metis's» тобы мен Асхат Әбдірахмановтың («АSIK» жобасы) концерттері, сондай-ақ «Uly Dala» этно-музыка фестивалі, «Bala Fest» балалар фестивалі, рок фестивалі, авторлық әндер фестивалі, «Елорда әуендері» концерті және инклюзивті дарынды балалардың қойылымдары бар.

Жеке іс-шаралар:

2025 жылғы 1-3 тамыз аралығында Компания тарапынан «KIDS EXPO. Балалар әлемі» елордалық балалар тауарларының көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жаңа оқу жылы қарсаңында балаларды мектепке дайындауға жәрдемдесуді мақсат еткен бұл жәрмеңке елорда тұрғындары мен қонақтары үшін маңызды әрі ауқымды оқиғаға айналды.

Жәрмеңке аясында 50-ден астам кәсіпкер мектеп формасын, кеңсе тауарларын, кітаптар мен оқулықтарды, балалар киімін, ойыншықтар мен сәбилерге арналған өнімдерді, шығармашылық бұйымдарын ұсынды, сондай-ақ білім беру курстарын таныстырды. Келушілер үшін аниматорлар мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мәдени-ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, мультфильмдер көрсетілді.



Сонымен бірге шара аясында ұйымдастырылған «Fashion Kids» сән үлгісі шеруінде балаларға арналған мектеп және спорттық киім топтамалары таныстырылды. Бұған қоса, жәрмеңке аясында «Білім жолында» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында кәсіпкерлер аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға кеңсе керек-жарақтары салынған 10 мектеп сөмкесін табыстады.

Қысқы маусымда, атап айтқанда 19-21 желтоқсан аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында «Жаңа жыл Fest» мерекелік жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңке аясында Астана қаласы мен Қазақстанның өзге өңірлерінен келген қолөнершілердің бірегей туындылары ұсынылып, арнайы сауда қатарлары жұмыс істеді. Сондай-ақ келушілер үшін балалар ертеңгіліктері, шығармашылық шеберлік сабақтары, интерактивті бағдарламалар, тақырыптық фотоаймақтар мен түрлі ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, Қоғам жыл сайын жазғы маусымда роллердромы бар демалыс кешенін ұйымдастырады, ал қысқы маусымда бұл объекті мұз айдынына айналады.



Компанияның қызметі мен іс-шараларын ақпараттық қолдау

Есепті кезеңде Компания қызметін, өткізілетін іс-шаралар мен объектілерін ақпараттық сүйемелдеу бойынша кешенді жұмыстар атқарылды. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша БАҚ-та және интернет-ресурстарда 633 материал жарияланды.

Компания қызметін, іс-шаралары мен объектілерін, сондай-ақ EXPO іскерлік орталығының аумағын маркетингтік ілгерілету аясында Facebook, Instagram, Telegram және X (Twitter) әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарда күнделікті посттар жарияланып тұрды. Есепті кезеңде әлеуметтік желілерде барлығы 602 пост жарияланды. Компанияның ресми сайтында 51 ақпараттық материал жарияланды.

Осылайша, есепті кезеңде барлық ақпараттық арналарда жиынтығы 1 286 материал жарық көрді.

Кеңселік және коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру

Компанияның негізгі мақсаттарының бірі – нақты сандық мәндермен айқындалған қаржылық көрсеткіштерді өсіру жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру. Атап айтқанда, бұл шаралар конгресс-көрме іс-шараларынан түсетін кірісті арттыруды, коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беруді, сондай-ақ сервистік қызметтерді коммерцияландыруды қамтиды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша конгресс-көрме іс-шараларын ұйымдастырудан, сондай-ақ кеңселік және коммерциялық жылжымайтын мүлік алаңдарын жалға беруден түскен табыс 14 070 млн теңгені құрады. Бұл ретте жоспарлы көрсеткіш 13 103 млн теңге деңгейінде белгіленген болатын, ал объектілердің толтырылу көрсеткіші 100%-ға жетті.

Салыстыру үшін айтсақ, 2024 жылы табыс көлемі 10 667 млн теңге жоспарланған жағдайда, нақты көрсеткіш 11 918 млн теңгені құраған болатын. Бұл Компания кірістерінің тұрақты әрі оң серпінін көрсетеді.

2025 жылы EXPO кешенінің аумағында IT, білім беру және қаржы кластерін қалыптастыратын 7 негізгі (зәкірлі) жалға алушы орналастырылды: «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО), «Астана Хаб» халықаралық технопаркі, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі (ҚМА), ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі (ЖИЖЦДМ), «Astana IT University», «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» РМК және ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (СЖРА).

2025 жылы кеңселік жылжымайтын мүліктің жалдау мөлшерлемесі жалға берілетін алаңның 1 шаршы метрі үшін 9000 теңге, ал қосалқы алаңның 1 шаршы метрі үшін 4500 теңге деңгейінде сақталды.

Анықтама: 2026 жылдан бастап кеңсе орынжайларының негізгі (пайдалы) алаңының 1 шаршы метрі үшін – 12 000 теңге, ал қосалқы алаңының 1 шаршы метрі үшін – 6 000 теңге мөлшерінде жаңа жалдау мөлшерлемелері бекітілді. Бұл Компания кірісін шамамен 380 млн теңгеге арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

MICE-іс-шаралар

Даму жоспарына сәйкес, 2025 жылы 382 MICE-іс-шарасын өткізу көзделген болатын.

Іс жүзінде «EXPO» кешенінің аумағында («Hilton» қонақүйі, «EXPO» ХКО және Конгресс-орталық) 446 іс-шара өткізілді.

2025 жылы «EXPO» халықаралық көрме орталығында «Жұмысшы мамандықтар қаласы» және «Digital Bridge» форумдары, сондай-ақ «Automechanika Astana 2025», «KazAgro/KazFarm», «WorldSkills Kazakhstan 2025», «Kazakhstan Security Systems», «Flora Expo Astana», «Өңдей Expo», «Kazakhstan Machinery Fair», «Astana Winner-2025», «KIOSH 2025», «AstanaBuild 2025», «InterFood Astana 2025», «EXPO Goods Central Asia 2025», «GlobalMedKz», «KazTraffic», «EXPO Mebel Astana», «AstanaWoodExpo», «Housekeeping Astana», «CleanExpo Astana», «HoReCa» және «Home Textile Astana» сияқты ірі халықаралық және салалық көрмелер өтті.

Конгресс-орталықта 2025 жылы бірқатар маңызды іскерлік және салалық іс-шаралар, соның ішінде «Астана» халықаралық форумы (AIF), «Этноауыл» ауқымды этномәдени жобасы, Мемлекет басшысының қатысуымен өткен жастар форумы, IFLA WLIC (Дүниежүзілік кітапхана және ақпараттық конгресс) конференциясы, халықаралық заманауи өнер жәрмеңкесі, сондай-ақ спорттық бағдарламалау бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, кешен объектілерінде ауқымды концерттік бағдарламалар мен іскерлік кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, бағдарлама аясында Баста, Say Mo, Нұрболат Абдуллин, Сергей Лазарев, BAKR, Ильхан, M'Dee, Ернар Амандық, ZOLOTO, «Браво» тобы, сондай-ақ Navai және өзге де танымал орындаушылардың концерттік қойылымдары өтті.

«Hilton» қонақүйінде «Астана» халықаралық форумы, «Think Tank Forum 2025», «BI Group Top-300» топ-менеджерлерінің кездесуі, «Allur» компаниясының іс-шарасы, «Herbalife» теңгерімді тамақтану саласындағы халықаралық компаниясының съезі, «S-Dance» спорттық би жарысы, «KPMG» компаниясының конференциясы, радиоохирурттар конференциясы, «Next Women» съезі, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы (TURKPA), PGL кәсіби киберспорт лигасының турнирі, сондай-ақ «BI University» бағдарламалары мен өзге де маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сатып алу қызметі

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 15 қарашадағы шешімімен (№ 41-24 хаттама) Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың 2025 жылға арналған жылдық жоспары бекітілді.

Оған сәйкес жалпы сомасы 6,796 млрд теңгені құрайтын 66 тауар позициясы (лот) көзделген.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, сатып алу жоспарында жалпы сомасы 8,242 млрд теңгені құрайтын 279 тауар позициясы (лот) көзделген, оның ішінде:

- 0,348 млрд теңге сомасына – 158 тауар сатып алу;
- 1,036 млрд теңге сомасына – 28 жұмыс сатып алу;
- 6,858 млрд теңге сомасына – 93 қызмет сатып алу.

2025 жылы 279 позиция бойынша сатып алулар жүргізілді, оның ішінде:

- тендер тәсілімен 44 сатып алу;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 192 сатып алу;
- шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 43 сатып алу.

Сатып алу жоспарынан 6 тауар позициясы алынып тасталды.

Сатып алу қорытындысы бойынша барлығы 180 жасалды, оның ішінде:

- тендер тәсілімен 30 шарт;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 85 шарт;
- бір көзден алу тәсілімен 28 шарт;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 37 шарт.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың 2023–2028 жылдарға арналған ұзақ мерзімді жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, жалпы сомасы 2,277 млрд теңгені құрайтын 7 тауар позициясы (лот) көзделген.

Республикалық бюджет қаражатын игеру

2025 жылға арналған республикалық бюджеттен EXPO көрме кешені объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қаражат қарастырылмаған.

«2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 22 тамыздағы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» № 684 қаулысына сәйкес, елдің «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесіне (Осака қ., Жапония) қатысуын қамтамасыз ету мақсатында 1 549 874 мың теңге сомасында бюджет қаражаты бөлінді. Бұл қаражат «С» үлгісіндегі Қазақстан павильонының орынжайларын жалға алуға, оны күтіп-ұстау мен пайдалануға, банк қызметтеріне, сондай-ақ көрме аясында іс-шаралар өткізуге бағытталды.

Қазақстан Республикасы 2025 жылғы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында өткен «Біздің өміріміз үшін болашақ қоғам құру» тақырыбындағы «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесіне (бұдан әрі – Көрме) қатысты. Шараның қосалқы бағыттары «Өмірді құтқару», «Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту» және «Өмірді біріктіру» тақырыптарын қамтыды.

Көрме барысында Қазақстан павильонына шамамен 1,5 миллион адам, сондай-ақ 400-ге жуық жапондық және шетелдік ресми делегация келді. Павильонға күн сайын орта есеппен 9 мыңға жуық адам келді.


Қазақстан Республикасының көрмеге қатысуы аясында 14 іскерлік және мәдени іс-шара өткізілді, оның 6-сын Компания, ал 8-ін мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұйымдастырды. Бұл ретте Компания аталған шараларды өткізуге толық ұйымдастырушылық қолдау көрсетті.

2025 жылғы 12 қазанда Көрменің қорытындысы шығарылып, Expo Awards марапаттау рәсімі өтті, онда Қазақстанның павильоны «С» үлгісіндегі шағын павильондар арасында «Theme Development» – «Көрме тақырыбын ашу» бас номинациясында бірінші орынды иеленді. Бұл санатта 90-нан астам ел орналасқан. Ел экспозициясы «EXPO-2025 Osaka» көрмесінің тақырыбын өзіндік ерекшелікпен және мазмұнды етіп ашқаны үшін жоғары бағаланды.

2023 жылдан бастап Компания EXPO объектілерін күтіп-ұстау және пайдалану бойынша шығыстарды өз қаражаты есебінен толық өтеп келеді

Бұдан бөлек, 2025 жылы «Астана» халықаралық форумын ұйымдастыру және өткізуге «QazExpoCongress» корпоративтік қоры арқылы тартылған демеушілік қаражат бағытталды.

Республикалық бюджеттен қаржыландыру



■ Көрме объектілерін ұстауға және пайдалануға арналған шығыстар

■ Астана халықаралық форумын өткізуге арналған шығыстар және РК ЭКСПО-2025 көрмесіне (Осака қ., Жапония) қатысуын және ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге арналған шығыстар

4-БӨЛІМ

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР



Сауда-экономикалық ынтымақтастық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі **6 үкіметаралық**

КОМИССИЯ:

- Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы 20-шы отырыс (2025 жылғы 12 маусым);
- Қазақстан-Катар бірлескен комитетінің жоғары деңгейдегі 7-ші отырысы (2025 жылғы 4 шілде);
- Қазақстан-сербия үкіметаралық комиссиясының 4-ші отырысы (2025 ж. 7-8 тамыз);
- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 26-шы отырысы (2025 жылғы 7-8 қараша);
- Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 13-ші отырысы (2025 жылғы 12 қараша);
- Қазақстан-БАӘ бірлескен сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 10-шы отырысы (2025 жылғы 25 қараша).

5-бөлім

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның жарғылық капиталы 42 440 069 000 (қырық екі миллиард төрт жүз қырық миллион алпыс тоғыз мың) теңге мөлшерінде қалыптасты.

Жарияланған акциялардың жалпы саны 20 086 550 (жиырма миллион сексен алты мың бес жүз елу) дана жай акцияны құрайды. Орналастырылған бір жай акцияның номиналды құны (қатысу үлесі) 1 000 (бір мың) теңгені құрайды.

Акциялармен қамтамасыз етілетін құқықтардың сипаттамасы: жай акциялар акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, Компанияда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Компания таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін иеленуге құқық береді.

Жалғыз акционерге тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) жалпы саны: 5 287 338 (бес миллион екі жүз сексен жеті мың үш жүз отыз сегіз) дана.

Жалғыз акционерге тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) үлесі:
100% (жүз пайыз).

Акциялар шығарылымы KZ1C00012533 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) берілген 5 287 338 (бес миллион екі жүз сексен жеті мың үш жүз отыз сегіз) дана жай акцияға бөлінген. Акциялар толық орналастырылған және толық төленген.

Меншік құқығына иелік ету тәртібі:
«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Компания Жарғысына сәйкес.

Жай акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы 2020 жылғы 18 ақпандағы № 101000067488353 кәуәлік

Жалғыз акционер:
Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

6-БӨЛІМ

2026 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

2026 жылға арналған Компанияның негізгі міндеттері:

- Экологиялық саммитті жоғары деңгейде ұйымдастыру және өткізу;
- Қазақстан Республикасының ЕАЭО органдарына төрағалық етуі аясында Өңірлік еуразиялық экономикалық форумды өткізу;
- «Astana Think Tank Forum 2026» халықаралық сараптамалық форумын ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының «EXPO 2027 Belgrade» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету;
- үкіметаралық комиссиялардың отырыстарын ұйымдастыру және өткізу;
- «Exponential Cluster» қалыптастыру және дамыту;
- Мәскеу қаласындағы ХШЖК-дегі

«Қазақстан» сауда-көрме орталығында туристерді тарту және Қазақстанның мәдени мұрасын танымал ету бойынша іс-шаралар өткізу;

- Конгресс-орталық пен EXPO халықаралық көрме орталығының алаңдарында конгресс-көрме іс-шараларын өткізу;
- кеңсе және сауда жылжымайтын мүліктерін жалға беруден табыс табу;
- PR және маркетингтік ілгерілету арқылы Компания қызметін насихаттау, сондай-ақ EXPO іскерлік кешені аумағында іс-шаралар ұйымдастыру;
- қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру жөніндегі стратегияны іске асыру тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жалғасады. Бұл ретте қауіпсіздікті басқару талаптарын сақтау, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі озық технологияларды енгізу ескеріледі.

7-БӨЛІМ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі біртұтас процеске біріктірілген, өзара байланысты элементтер кешенін білдіреді. Бұл жүйенің жұмысына Директорлар кеңесі, Басқарма, барлық деңгейдегі басшылар мен қатардағы қызметкерлер жұмылдырылған. Әрбір қатысушы өз құзыреті аясында Компания қызметіне әсер ететін әлеуетті тәуекелдерді айқындайды және оларды акционер бекіткен тәуекел шектеріне сәйкес басқаруға қатысады.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты – операциялық қызметтің тұрақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету. Бұған тәуекелдердің орын алуына негізгі себеп болатын ішкі және сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалын жүйелі түрде азайту арқылы қол жеткізіледі. Тәуекелдерді басқару жүйесі тиімді басқарудың маңызды аспектісі ретінде Компанияның жалпы корпоративтік басқару моделіне толық енгізілген.

2014 жылы енгізілген бұл жүйе бүгінде үздіксіз циклдік процесс ретінде жұмыс істейді. Бұл жүйе басқару циклінің барлық кезеңдерін қамтиды: оған тәуекелдерді анықтау мен бағалау, оларға әрекет ету шараларын әзірлеу, сондай-ақ олардың тиімділігін бақылау және кейінгі мониторинг жүргізу кіреді. Бұл тәсіл ықтимал қаржылық шығындарды азайтып қана қоймай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Компанияның ішкі саясатының қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

2025 жылы жүйені дамыту жұмыстары жаңа кезеңге көтерілді, атап айтқанда, тәуекелдерді сандық тұрғыдан бағалау әдістемесі сәтті әзірленді.

Енгізілген бұл жаңашылдық тәуекелдерді сапалық сипаттамадан олардың нақты математикалық өлшемдеріне көшіруді көздейді.

Бұл құралды күнделікті бизнес-процестерге іс жүзінде енгізу 2026 жылға жоспарланған, бұл болжамды талдаудың дәлдігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

2025 жылы жүйені жетілдіру шеңберінде тәуекелдерді сандық бағалау әдіснамасын әзірлеу бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. Аталған аналитикалық құрал Компания үшін шығындарды болжаудың дәл математикалық модельдеріне көшуге жағдай жасайды. Шешім қабылдау процесінде сандық бағалауды іс жүзінде енгізу және оны толыққанды пайдалану 2026 жылға жоспарланған.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің әдіснамалық базасы қажеттілігіне қарай тиісті түзетулер енгізіліп отыратын мынадай негізгі нормативтік құжаттарға негізделеді:

1. Тәуекелдерді басқару саясаты;
2. Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістемесі;
3. Тәуекел және бақылау матрицасын құру әрі пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
4. Негізгі тәуекел көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

Жүйенің тиімділігін сақтау үшін 2025 жылы мынадай құжаттаманы өзектендіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді:

- Тәуекелге бейімділік (риск-аппетит) параметрлері және негізгі тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері;
- Тәуекелдер тізілімі және тәуекелдер картасы;
- Компанияның бизнес-процестер жіктеуіші;

- Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытудың жол картасы.

Тәуекелдерді басқаруға Компанияның барлық негізгі буындары тартылған: олар стратегиялық деңгейден (Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі) және атқарушы деңгейді (Басқарма және тәуекел иелері саналатын құрылымдық бөлімшелер) қамтиды. Тәуекел үйлестірушілеріне, яғни өз бөлімшелерінде тәуекелдер мониторингін жүргізетін, есептілік дайындайтын және Тәуекелдерді басқару секторымен өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлерге ерекше рөл жүктеледі.

Тәуекел мәдениетін арттыру шеңберінде 2025 жылы тәуекел үйлестірушілері үшін дәстүрлі түрде оқыту семинарлары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Компанияға жаңадан қабылданған барлық қызметкерлер үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тоқсан сайынғы нұсқаулық беру тәжірибесі сақталды.

Есепті кезең ішінде Компания тарапынан алты негізгі санатқа бөлінген факторлар кешені талданды, олар: стратегиялық, қаржылық, құқықтық, операциялық, әлеуметтік және экологиялық. Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу және туындаған тәуекелдер базасын жаңарту жұмыстары тоқсан сайынғы негізде атқарылды.

2025 жылғы негізгі тәуекелдерді талдау:

Негізгі тәуекелдер – бұл Компания қызметіне әсер ету ықтималдығы жоғары немесе елеулі ықпал ету деңгейіне ие, тәуекел картасының «қызыл аймағында» орналасқан оқиғалар. Олар бойынша барлық мәселелерді Басқармада міндетті түрде келісіледі және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

2025 жылы жұмыс келесі басым тәуекелдер бойынша жүргізілді:

1. Жылжымайтын мүлікті (кеңсе және коммерциялық алаңдарды) жалға беруден түсетін табыстың азаю қаупі:

- нарыққа тұрақты мониторинг жүргізу және жалдау мөлшерлемелерін уақытылы түзету;

- инженерлік жүйелер мен АТ инфрақұрылымды қоса алғанда, ғимараттарды пайдалану сапасын бақылау;

8-бөлім

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Компанияда корпоративтік басқару деңгейінің Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қолданылады.

Кодекс — Компанияның өз қызметі процесінде, сондай-ақ ішкі және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынасында тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін басшылыққа алатын ережелері мен ұсынымдарының жиынтығы.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру;

- басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- Компанияның тиісті корпоративтік

- қызметкерлер мен жалға алушылардың қауіпсіздігін (терроризмге қарсы және өрт қауіпсіздігі) қамтамасыз ету бойынша тексерулер жүргізу.

2. Көрме іс-шараларынан (ККШ) түсетін түсім жоспарының тәуекелін азайту шаралары:

- жаңа жалға алушыларды тарту үшін мемлекеттік сектормен және ұлттық компаниялармен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

- Конгресс-орталық пен «EXPO» ХКО алаңдарын толық жүктеу үшін халықаралық агенттіктермен ынтымақтастықты дамыту;

- іс-шаралардан түсетін кірістер бойынша қаржылық болжамдарды уақытылы өзектендіріп отыру.

3. «ЭКСПО-2025 Осака» жобасы бойынша мерзімдердің бұзылу тәуекелін азайту шаралары:

- Жапониядағы көрмені ұйымдастыру комитетімен тұрақты байланыс орнату;

- Қазақстанның ұлттық павильонын жабдықтау және басқару бойынша мердігерлердің жұмысына бақылау жүргізу.

Жүйелі тәсіл мен жоспарланған барлық іс-шаралардың уақытылы жүзеге асырылуының арқасында Компания 2025 жылы тәуекелдердің алдын алуды толықтай қамтамасыз етті. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ешқандай тәуекел тіркелген жоқ, бұл ағымдағы басқару моделінің сенімділігін дәлелдейді. Нәтижесінде, тәуекелдерді басқару жүйесі бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз етуде жоғары тиімділік көрсетті.

Ақпараттық саясат

Компанияның ақпараттық саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

Ақпараттық саясат Компанияның қызметі туралы мәліметтерді ашудың мақсаттарын, негізгі қағидаттары мен ережелерін белгілейді. Сондай-ақ ол жалпыға қолжетімді ақпарат пен коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін айқындайды, сонымен қатар оларды ашудың тәртібін, объектілерін, тәсілдері мен мерзімдерін регламенттейді.

басқарудың озық стандарттарын ұстануға бейілділігін растау.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктерді ажырату қағидаты;

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;

- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты;

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;

- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты;

- тұрақты даму қағидаты;

- тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит қағидаты;

-Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты;

- корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты.

Корпоративтік басқарудың белгіленген қағидаттарын ұстану Компания қызметіне объективті талдау жүргізуге, сондай-ақ талдаушылармен, қаржылық кеңесшілермен және рейтингтік агенттіктермен тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

Компанияда жыл сайын Кодекс қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп жасалады. Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау үшін барлық қажетті іс-шаралар іске асырылды, Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері орындалды. *Компанияның 2025 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген.*

Компания корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, іскерлік беделін нығайту және капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Компания органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін ажыратуды көздейді.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген. Корпоративтік басқару құрылымы Компания қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді. Сондай-ақ ол Компанияның табысты қызметіне, оның ішінде оның нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен кірістілігін сақтауға ықпал етеді.

Тиімді корпоративтік басқару жүйесі – Компанияның қазіргі экономика мен қоғамдағы орнын анықтайтын негізгі фактор. Корпоративтік басқару заңның үстемдігі принципіне негізделген.

Жарғыға сәйкес Компания органдарына мыналар жатады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

Компания органдарының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Корпоративтік басқару кодексіне, Жарғыға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

Корпоративтік басқару құрылымы



Корпоративтік басқаруды диагностикалау

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 182-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 157 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларының 2-тарауының 4 және 13-тармақтарына, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, «QazExpoCongress» ҰК» АҚ-да кемінде үш жылда бір рет корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау жүргізіліп, оның нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

Осыған байланысты, 2025 жылы «ПРАЙСУОТЕРХАУСКУПЕРС ТАКС ЭНД ЭДВАЙЗОРИ» ЖШС Компанияның 2022-2024 жылдардағы корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізді және оның қорытындысы бойынша тиісті есеп дайындады.

Бағалау нәтижелеріне сәйкес, Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі озық тәжірибелердің негізгі ұсынымдарына сәйкес келеді. Корпоративтік басқарудың жалпы рейтингі 85% құрады.

Жекелеген компоненттер бойынша рейтингтер мынадай: құрылым – 87%; процестер – 86%; ашықтық – 82%.


Рейтингтің бұл көрсеткіші ЭЫДҰ белгілеген корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарына, сондай-ақ халықаралық үздік тәжірибеге сәйкестіктің жоғары деңгейін айғақтайды. Мұндай көрсеткіш Компанияда корпоративтік басқарудың негізгі тетіктері енгізілгенін және тиімді жұмыс істейтінін білдіреді. Атап айтқанда, басқару органдарының ашықтығы мен есептілігі қамтамасыз етілген, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит бойынша нәтижелі рәсімдер жолға қойылған, сондай-ақ акционерлердің құқықтары сақталып, мүдделі тұлғаларға әділ көзқарас кепілдендірілген.

Корпоративтік басқаруды бағалау қорытындысы бойынша алынған бірқатар ұсынымдар Компанияның 2026 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілді.

Компанияның корпоративтік басқаруын бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 10 шешімімен бекітілді.

Корпоративтік басқаруды бағалау қорытындысы

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
корпоративтік басқару жүйесі озық
тәжірибедегі ұсынымдардың басым
көпшілігіне сәйкес келеді



Құрылымы
87 %

Процестер
86 %

Ашықтық
82 %

Бағалау мынадай үш блок бойынша жүргізілді:

- I. Құрылым: басқару органдары, рөлдер мен комитеттер
- II. Процестер: жоспарлау және орындау, KPI, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит
- III. Ашықтық: ақпаратты ашу, есептілік және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі – Компанияның стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Компанияның Жалғыз акционеріне есеп беретін басқару органы.

Директорлар кеңесі қызметінің мақсаты – Компания қызметіне жалпы басшылық жасау, Компания мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Компания қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ Компанияның Жалғыз акционері және үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің түсінілуі әрі сақталуын қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

2025 жылғы 15 қаңтарда Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы 3 ай мерзімге мынадай құрамда қайта сайланды:

Серик Макашевич Жумангарин – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі;

Торебаев Кайрат Калмукаметович – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі;

Адильбеков Нурмахан Абилькасымович – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Азбергенов Дияс Сержанович – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2025 жылғы Компанияның Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер:

Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – ҚР СИМ) және ҚР СИМ ведомстволық бағынысты ұйымдарының тәуелсіз директорларын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының 2025 жылғы 3 сәуірдегі хаттамасы негізінде, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен – ҚР СИМ 2025 жылғы 2 мамырдағы № 151 бұйрығымен 2025 жылғы 14 сәуірден бастап «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 3 жылдық өкілеттік мерзіміне мынадай құрамда сайланды:

Серик Макашевич Жумангарин - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі;

Каримов Азамат Кайратович – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі аппаратының басшысы;

Адильбеков Нурмахан Абилькасымович – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Азбергенов Дияс Сержанович – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор.

2025 жылғы 06 мамырда «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (сырттай дауыс беру қорытындысы бойынша № 4 хаттама) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жумангарин Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 349 қаулысымен Компания акцияларының 100 (жүз) пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілген. Кейіннен бұл мекеме Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 997 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі (бұдан әрі – ҚР ЖИЦДМ) болып қайта ұйымдастырылды (қайта аталды).

Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен – ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 568-НҚ бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі А.К. Каримовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Оның орнына аталған Министрліктің Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаментінің директоры Руслан Искандирович Иргалиев Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Жумангарин Серик Макашевич – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы;

Иргалиев Руслан Искандирович – Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаментінің директоры;

Адильбеков Нурмахан Абилькасымович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Азбергенов Дияс Сержанович – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Шильдебаева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович - тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу критерийлері

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері мынадай құжаттарға сәйкес айқындалады:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Компанияның Корпоративтік басқару кодексі;

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 87 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңестерінің (байқау кеңестерінің) құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен өлшемшарттары;

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 87 бұйрығымен бекітілген, Ұлттық әл-ауқат қоры мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңестерінің (байқау кеңестерінің) мүшелігіне кандидаттарға қойылатын ең төменгі талаптар;

- Жалғыз акционердің шешімімен — ҚР Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 421-НҚ бұйрығымен бекітілген Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 87 бұйрығымен бекітілген, Ұлттық әл-ауқат қоры мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңестерінің құрамына тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу қағидалары мен критерийлерінде айқындалған тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері:

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

1) Қоғамның негізгі қызмет бағытына сәйкес келетін салада, сондай-ақ аудит, қаржы және (немесе) басқару (менеджмент) саласында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қоғамның қызметін реттейтін бейінді заңнаманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17726 болып тіркелген) білуі;

3) Қоғамның бейініне сәйкес экономикалық қызмет түріндегі мамандық бойынша немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілінің болуы;

4) басшылық лауазымдарда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) мүшесі лауазымында кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) мәжбүрлеп тарату, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған, сондай-ақ консервациялау туралы шешім қабылданған басқа заңды тұлғада осындай шешімдер қабылданғанға дейінгі 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) төрағасы, атқарушы органның басшысы, басшының орынбасары немесе бас бухгалтері лауазымына сайлану (тағайындалу) фактісінің болмауы;

7) Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болмауы;

8) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау фактісінің болмауы;

9) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес акцияларына иелік ететін акционерлермен (мүшелермен), сондай-ақ Басқарма (атқарушы орган) мүшелерімен үлестестігінің болмауы.

Директорлар кеңесінің мүшесі	Отырыстарға қатысу	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Жумангарин С.М.	10-нан 10	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Торбаев К.К.	3-тен 2	67 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Каримов А.К.	5-тен 3	60 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Иргалиев Р.И.	2-ден 2	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Адильбеков Н.А.	10-нан 8	80 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Азбергенов Д.С.	10-нан 10	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Нокин С.К.	10-нан 10	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Мауленов М.Г.	10-нан 10	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең
Шильдебаева А.Д.	10-нан 10	100 %	2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы

Жумангарин Серик Макашевич

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары,
Директорлар кеңесінің төрағасы
1969 жылы 22 шілдеде дүниеге келген

Білімі:

Мәскеу Ленин орденді және Октябрь революциясы орденді Энергетика институтын, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін, Халықаралық бизнес академиясын бітірген.

Еңбек жолы:

1993–2004 жылдары — кәсіпкерлік қызметпен айналысқан;

2005–2006 жылдары — Ақтөбе қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары, Ақтөбе қаласының Кәсіпкерлік бөлімінің бастығы;

2006–2007 жылдары — Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасы бастығының орынбасары;

2007–2008 жылдары — Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің директоры;

2008–2010 жылдары — Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитеті төрағасының орынбасары, Сауданы дамыту департаментінің директоры, «Қазақстандық келісімшарт агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2010–2011 жылдары — «NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары;

2012–2013 жылдары — Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік даму комитетінің төрағасы;

2013–2014 жылдары — Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі;

2014–2017 жылдары — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы;

2017–2019 жылдары — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі;

2019–2020 жылдары — Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі мүшесі (министр);

2020–2022 жылдары — Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы;

2022 жылғы 15 тамызда — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы болып тағайындалды;

2022 жылғы 2 қыркүйекте — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Сауда және интеграция министрі болып тағайындалды;

2023 жылғы 2 қыркүйекте — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды;

2024 жылғы 6 ақпанда — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып қайта тағайындалды;

2024 жылғы 20 наурызда — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды;

2024 жылғы 14 маусымда — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды;

2024 жылғы 21 желтоқсанда — Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Ұлттық экономика министрі болып тағайындалды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Иргалиев Руслан Искандирович

Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаментінің директоры.

1983 жылғы 25 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің және Лондонның Брунел университетінің (Brunel University London) түлегі.

Еңбек жолы:

2006 жылдан 2017 жылғы мамырға дейін — Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратында жетекші маман, бас сарапшы, Басқарма бастығы, Департамент директоры;

2017 жылғы 24 мамырдан 7 қарашаға дейін — «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ Заң департаментінің директоры — Халықаралық құқық мәселелері жөніндегі басқарушы директоры;

2017 жылғы 7 қарашадан 15 желтоқсанға дейін — «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры;

2017 жылғы 20 желтоқсанның 2018 жылғы 9 желтоқсанға дейін — «Транстелеком» АҚ Президентінің кеңесшісі;

2018 жылғы 12 ақпандан 2019 жылғы 4 наурызға дейін — «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры;

2019 жылғы 5 мамырдан 2020 жылғы 20 сәуірге дейін — «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ Басқарма төрағасының құқықтық мәселелер және халықаралық шарттар жөніндегі орынбасары;

2020 жылғы 20 сәуірден 2021 жылғы 28 маусымға дейін — «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;

2021 жылғы 30 маусымнан 2022 жылғы 20 мамырға дейін — «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС бас директорының орынбасары;

2022 жылғы 22 тамыздан 2023 жылғы 31 шілдеге дейін — «DARA TRADE GROUP» ЖШС бас директоры (Тобыл қ.);

2023 жылғы 1 ақпандан 17 наурызға дейін — «Jusan Mobile» АҚ төрағасының кеңесшісі;

2025 жылғы 20 қаңтардан 3 ақпанға дейін — Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаменті директорының міндетін атқарушы;

2025 жылғы 4 ақпандан бастап қазіргі уақытқа дейін — Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаментінің директоры;

2025 жылғы 10 қарашада — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Адилбеков Нурмахан Абиькасымович

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

1973 жылы 19 ақпанда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы мен Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген.

Еңбек жолы:

1995–2010 жылдары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді;

2014–2020 жылдары — Астана қаласындағы «Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ-да әртүрлі лауазымдарды атқарды;

2020–2022 жылдары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Республикалық меншік объектілерін сату және жекешелендіруден кейінгі бақылау басқармасының басшысы;

2022–2024 жылдары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы;

2024 жылғы маусымнан бастап — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

2024 жылғы 13 маусымнан бастап — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

2025 жылғы 2 мамырда — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Азбегенов Дияс Сержанович

Директорлар кеңесінің мүшесі, Компанияның Басқарма төрағасы

1983 жылы 16 желтоқсанда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебін бітірген.

Заң ғылымдарының кандидаты, саясаттану магистрі.

Еңбек жолы:

2004–2008 жылдары – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспиранты, оқытушысы;

2008–2009 жылдары – «Алматы қаласының Әділет департаменті» ММ жетекші маманы;

2009–2011 жылдары – «Алматы қаласының Әділет департаменті» ММ Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің бастығы;

2011–2012 жылдары – «Алматы қаласының Әділет департаменті» ММ бастығының орынбасары;

2012–2014 жылдары – «Талғар аудандық мәслихаты» ММ аппарат басшысы;

2014–2018 жылдары – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Заң департаментінің бас менеджері, директорының орынбасары, Көрме объектілерін пайдалану, сервистік қамтамасыз ету, операциялық сервистер, объектілерді басқару департаменттерінің директоры;

2018–2021 жылдары – «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының бас директоры;

2023 жылғы қазаннан 2024 жылғы шілдеге дейін – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2024 жылғы 18 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің мүшесі Нокин Серик Кенесович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1959 жылы 17 ақпанда дүниеге келген

Білімі:

Саратов жоғары әскери-инженерлік химиялық қорғаныс училищесін және Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген.

Еңбек жолы:

1982–1995 жылдары – «Ақтөбе хром қосылыстары зауытында» шебер, цех бастығының орынбасары, цех бастығы, директордың орынбасары;

1995–1998 жылдары – «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ Басқарма төрағасы, президенті (Ақтөбе қ.);

1998–2002 жылдары – «Жылуэнергия» АҚ президенті, директоры (Ақтөбе қ.);

2002–2006 жылдары – Атырау облысы әкімінің орынбасары;

2006–2008 жылдары – Ақтөбе қаласының әкімі;

2008 жылғы қазан–қараша – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары;

2008–2009 жылдары – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы;

2009–2013 жылдары – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы;

2013–2014 жылдары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі;

2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ақтөбе кенсіз материалдар комбинаты» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі (Ақтөбе қ.);

2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Тәуелсіз директоры;

2025 жылғы 2 мамырда – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Шильдебаева Асель Дулатовна

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1978 жылы 7 қазанда дүниеге келген.

Білімі:

Ауыл шаруашылығы институтын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің Қаржы полициясы академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Сонымен қатар, Корольдік жарғымен жұмыс істейтін Ұлыбританияның Директорлар институтында (IoD) Директорлар кеңесі мен жоғары менеджмент мүшелеріне арналған кешенді даму бағдарламасы бойынша Компанияларды басқарудың халықаралық сертификатының иегері.

Еңбек жолы:

1999–2006 жылдары – Экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаментінің аға тергеушісі (капитан);

2006–2009 жылдары – «БТА Банк» АҚ-да қызмет атқарды;

2009–2013 жылдары – «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ Несиелендіру және несиелерді басқару департаментінің басшысы;

2013–2021 жылдары – «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ тобында басшылық лауазымдарда жұмыс істеді;

2013 жылғы ақпан–желтоқсан – «Қазақстанның жекпе-жек өнері қауымдастығы» ЗТБ бас директорының орынбасары;

2023–2024 жылдары – «DARA» президенттік бастамалар қорының басшысы.

Басқа лауазымдары:

- «Түркістан» ӘКК» АҚ және «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ еншілес тәуелсіз ұйымдарының (ЕТҰ) алқалы басқару органдарына сайланған;

- 2023 жылғы ақпаннан бастап – Құрылтайшының «Жетінші арна» компаниясындағы өкілі;

- 2022 жылғы 29 сәуірден бастап – «Жасыл даму» АҚ тәуелсіз директоры;

- Құқық, қаржы және корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі сарапшы;

2024 жылғы 5 шілдеден бастап – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры;

2025 жылғы 2 мамырда – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Мауленов Миран Газизович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
1982 жылы 21 сәуірде дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң академиясын «Заңгер-құқықтанушы» мамандығы бойынша бітірген; Кембридж университетімен бірлескен Еуропалық құқық орталығының магистратурасын «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша тәмамдаған; Geneva Business School (MBA) бағдарламасын бітірген; Заң ғылымдарының кандидаты (Д.А. Қонаев атындағы университет ізденушісі). Диссертация тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы мұнай бизнесін құқықтық реттеу».

Еңбек жолы:

2005 жылы – «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің менеджері;

2005–2006 жылдары – «ҚазМұнайГазКонсалтинг» АҚ Корпоративтік мәселелер жөніндегі тобының заңгері;

2006–2008 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Жинақтау-үйлестіру жұмысы департаментінің бас менеджері, Департамент директоры орынбасарының міндетін атқарушы;

2008–2010 жылдары – «Арна Медиа» ұлттық холдингі Стратегия және корпоративтік басқару департаментінің директоры;

2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Olympex Advisers» ЖШС Басқарма төрағасы.

Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі:

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Интергаз Орталық Азия» АҚ тәуелсіз директоры;

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазақТуризм» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа лауазымдары:

Келесі ұйымдарда тәуелсіз директор лауазымында болды: «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ, «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ, «Қазтелерадио» АҚ, «Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ.

2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Тәуелсіз директоры;

2025 жылғы 2 мамырда – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің маңызды шешімдеріне шолу

Қаралған мәселелер туралы ақпарат.

2025 жылы Директорлар кеңесінің 10 отырысы өтті. Оның ішінде 6 отырыс бетпе-бет нысанда, ал 4 отырыс сырттай дауыс беру нысанында өтті. Отырыстарда Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша 74 мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды: Директорлар кеңесінің келесі негізгі бағыттар бойынша қабылдаған шешімдері:

Стратегиялық даму:

- 2025–2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Даму жоспарын іске асырудың он жылдық қорытындысы мен соңғы төрт жылдағы көрсеткіштерін жекелей көрсете отырып, 2015–2024 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есеп (аудиттелген деректер негізінде) бекітілді;

- Астана қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне жер учаскелеріндегі үлестерді өтеусіз беру мақұлданды;

- «Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі» ММ-мен мүлкті 2026 жылға өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шарт жасасу арқылы, жасалуына мүдделілік бар мәміле мақұлданды;

- «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен 2025 жылға әкімшілік орынжайларды жалға алу қызметтерін сатып алу туралы шарт жасасу арқылы, жасалуына мүдделілік бар мәміле мақұлданды.

Орнықты даму:

- 2023–2024 жылдарға арналған орнықты даму туралы есеп бекітілді;

- Орнықты даму саласындағы 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы бекітіліп, оның орындалуы туралы есептер қаралды;

- Орнықты даму саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Қаржы-шаруашылық қызметі:

- 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілік (жеке және шоғырландырылған) алдын ала бекітілді;

- 2025–2027 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудиті (шоғырландырылған және жеке) үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшері айқындалды;

- Үш жылдық кезеңге (2025–2027 жылдар) қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым алдын ала мақұлданды.

Кадр мәселелері:

- Басқарма мүшелері қызметінің 2025 жылға арналған негізгі көрсеткіштерін бекітілді;

- Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлер қызметінің 2025 жылға арналған негізгі көрсеткіштері бекітілді;

- Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуін бағалау нәтижелері бекітілді;

- Басқарманың сандық құрамы айқындалды, Басқарма мүшесі С.М. Лидің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, Б.С. Еримбетов Басқарма мүшесі болып сайланды;

- Комплаенс-офицердің өкілеттік мерзімі ұзартылды;
- Омбудсменнің өкілеттік мерзімі ұзартылды.

Корпоративтік басқару:

- Корпоративтік басқару кодексі жобасының жаңа редакциясы мақұлданды;

- 2024 жылғы жылдық есеп бекітілді;

- Басқарманың 2024 жылға арналған Корпоративтік кодекс қағидаттары мен ережелерін

сақтау туралы есеп бекітілді;

- Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметін бағалау нәтижелері қаралды;

- 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді және оның орындалуы туралы есептер қаралды;

- 2024 жылға арналған Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесінің жоспарлы құжаттарының орындалуы бойынша есептер қаралды;

- Корпоративтік басқаруды бағалау нәтижелері туралы есеп қаралды;

- Корпоративтік есеп саясатына енгізілетін өзгерістер бекітілді;

- 2026 жылға арналған Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесінің жоспарлы құжаттары бекітілді.

Ішкі аудит, сатып алуды бақылау, комплаенс:

- Қызметтің тоқсан сайынғы есептері тыңдалды;

- Ішкі аудит қызметінің, Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тоқсан сайынғы есептері қаралды;

- Ішкі аудит қызметінің 2026 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары бекітілді;

- Ішкі аудит қызметі басшысының 2026 жылға арналған жеке даму жоспары бекітілді;

- Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің 2026 жылға арналған тексеру жоспары бекітілді;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелері — корпоративтік басқарудың негізгі құрамдас бөлігі. Олар Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, мониторингілеуге және азайтуға бағытталған.

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру — қызметкерлердің, менеджменттің және басқару органдарының шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің қолайлы деңгейін түсінуін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл жүйе тәуекелдерге жедел әрекет етуге, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауға, сондай-ақ кез келген маңызды кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуге мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі келесі мәселелерді қарады:

- тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау;

- 2026 жылға арналған тәуекелге бейімділікті бекіту;

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін реттейтін құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту.

Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы

Комитеттер — Компанияның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары. Олар Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу, аса маңызды мәселелерді алдын ала қарау және өз құзыреті шегінде ұсынымдар дайындау мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесінің жанынан келесі үш комитет жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті;
- Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар комитеті.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет Компания қызметінің басым бағыттары мен даму стратегиясын қалыптастыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылады. Оның қызметі Компанияның ұзақ мерзімді құндылығы мен орнықты даму тиімділігін арттыруға, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды іске асыруға ықпал ететін іс-шараларды дайындауға бағытталған.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен құралады, ал оның сандық құрамын Директорлар кеңесі айқындайды. Комитеттің төрағасы Тәуелсіз директор болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің құрамы:

Нокин Серик Кенесович — тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Мауленов Миран Газизович — тәуелсіз директор;

Шильдебаева Асель Дулатовна — тәуелсіз директор.

2025 жыл ішінде Комитет 8 бетпе-бет отырыс өткізді, оған оның барлық мүшелері қатысты. Отырыстарда 26 мәселе қаралып, келесі бағыттар бойынша ұсынымдар әзірленді: 2023 және 2024 жылдардағы орнықты даму туралы есептерді бекіту; 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту; 2025 жылға арналған Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының жобасын бекіту; Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциядағы жобасын мақұлдау; Мүлікті иеліктен шығару қағидаларын жаңа редакциясын қарау; 2024 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу есебін қарау; Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының 2024 жылғы орындалуы туралы есепті қарау; 2025-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын қарау; Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметі туралы есепті қарау; Корпоративтік басқару кодексінің қағидадары мен ережелерінің 2024 жылы сақталуы туралы есепті қарау; Астана қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне жер учаскелеріндегі үлестерді өтеусіз беру; 2024 жылғы таза кірісті және 2024 жылғы дивиденд мөлшерін бір жай акцияға бөлу; Жарғыға енгізілетін өзгерістерді мақұлдау; 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 2024 жылғы орындалуы туралы есепті қарау (аудиттелген деректер бойынша); 2015–2024 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалу есебін қарау; 2024 жылға арналған Жылдық есепті қарау; 2024 жылға арналған Орнықты даму туралы есепті бекіту; Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының 2024 жылғы I жартыжылдықта орындалуы туралы есепті қарау; Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2025 жылғы I жартыжылдыққа арналған іс-шаралар жоспарының орындалу есебін қарау;

Директорлардың консультативтік есебін қарау; Корпоративтік басқару кодексіне енгізілетін өзгерістерді мақұлдау; Орнықты даму саясатына енгізілетін өзгерістерді бекіту; Директорлар кеңесінің 2026 жылғы жұмыс жоспарының жобасын қарау; «Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі» ММ-мен 2026 жылға арналған мүлікті өтеусіз уақытша пайдалану шартын жасасу арқылы жасауға мүдделілігі бар мәмілені мақұлдау; «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен 2025 жылға арналған әкімшілік орынжайларды жалға беру қызметтерін сатып алу туралы шарт жасасу арқылы жасауға мүдделілігі бар мәмілені мақұлдау; Корпоративтік басқаруды бағалау нәтижелері туралы есепті қарау.

Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті

Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес Комитет ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер бойынша жәрдемдесуге бағытталған.

Аудит жөніндегі комитеттің мәртебесі, құрамы, жұмыс тәртібі, құзыреті мен функциялары, отырыстарын жасау және өткізу рәсімдері, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде айқындалған. Аудит жөніндегі комитет Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді және оның өзіне берген өкілеттіктері шеңберінде әрекет етеді.

Аудит және тәуекелдерді басқару комитетінің құрамы:

Шильдебаева Асель Дулатовна — тәуелсіз директор, төраға;

Нокин Серик Кенесович — тәуелсіз директор;

Мауленов Миран Газизович — тәуелсіз директор.

2025 жылы Комитеттің 7 бетпе-бет отырысы өткізілді, оған Комитеттің барлық мүшелері толық құрамда қатысты. Отырыстарда 30 мәселе қаралып, келесі бағыттар бойынша ұсынымдар әзірленді: 2025 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен 2025 жылға арналған тәуекелдер картасын бекіту; 2025 жылға арналған тәуекел шектерін бекіту; 2025-2027 жылдарға арналған қаржылық есептіліктің (шоғырландырылған және жеке) аудиті бойынша аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау; 2025–2027 жылдарға арналған қаржылық есептілік (шоғырландырылған және жеке) аудиті бойынша аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау; 2024 жылғы IV тоқсандағы және жалпы 2024 жылғы тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарау; 2024 жылғы IV тоқсандағы Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) жұмысы туралы есепті, сондай-ақ ІАҚ басшысының қызмет тиімділігін бағалау және оған сыйлықақы беру жөніндегі мәселені қарау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің 2024 жылғы IV тоқсандағы және 2025 жылғы I тоқсандағы қызмет нәтижелері туралы есептерін қарау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау; 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық (жеке және шоғырландырылған) қаржылық есептілікті бекіту; 2025 жылғы I тоқсандағы Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есепті және Ішкі аудит қызметі басшысының қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру мәселесін қарау; Корпоративтік басқаруды бағалау әдістемесін мақұлдау; Ішкі аудит қызметінің 2025 жылғы II тоқсандағы жұмысы туралы есепті және Ішкі аудит қызметі басшысының 2025 жылғы II тоқсандағы қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру жөніндегі есепті қарау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің 2025 жылғы II тоқсандағы қызмет нәтижелері туралы есебін қарау;

2025 жылғы II тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті қарау; Ішкі аудит қызметінің 2025 жылғы III тоқсандағы жұмыс тиімділігін бағалау және Ішкі аудит қызметі басшысына сыйлықақы беру жөніндегі есепті қарау; Ішкі аудит қызметінің 2026 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын мақұлдау; Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің 2026 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін (ҚНҚ) мақұлдау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің 2025 жылғы III тоқсандағы қызмет нәтижелері туралы есебін қарау; Үш жылдық кезеңге (2025–2027 жылдар) арналған қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды мақұлдау; 2025 жылғы III тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті қарау; 2026 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен 2026 жылға арналған тәуекелдер картасын бекіту; 2026 жылға арналған тәуекел шектерін бекіту; Ішкі аудит қызметі басшысының 2026 жылға арналған жеке даму жоспарын қарау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің 2026 жылға арналған тексеру жоспарын мақұлдау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

Комитет Компанияның Директорлар кеңесіне Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау, олардың уәждемелік негізгі қызмет көрсеткіштерін белгілеу, сыйақы төлеу және лауазымдық сабақтастығын жоспарлау, Корпоративтік хатшыны тағайындау және оған сыйақы беру, сондай-ақ акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы тиісті өкілеттіктерді берген жағдайда, Директорлар кеңесінің құрамына қатысты аталған мәселелерді қарауға қатысу бойынша жәрдемдесу үшін құрылады.

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамы:

Мауленов Миран Газизович – тәуелсіз директор, төраға;

Нокин Серик Кенесович – тәуелсіз директор;

Шильдебасева Асель Дулатовна – тәуелсіз директор.

2025 жылы Комитеттің 7 бетпе-бет отырысы өткізілді, оған Комитеттің барлық мүшелері толық құрамда қатысты. Отырыстарда 24 мәселе қаралып, келесі бағыттар бойынша ұсынымдар әзірленді: Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2025 жылға арналған қызметінің (тиімділігінің) негізгі көрсеткіштерін бекіту; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет комплаенс-офицерінің өкілеттік мерзімін 3 (үш) жылға ұзарту; Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметін бағалау және оның нәтижелерін қарау; Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау жөніндегі есепті қарау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет қызметкерлерінің 2024 жылғы IV тоқсандағы және 2025 жылғы I тоқсандағы қызмет тиімділігі мен сыйлықақылары туралы есепті қарау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2024 жылғы қызметі туралы есепті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет комплаенс-офицерінің 2024 жылғы IV тоқсандағы қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру жөніндегі есепті қарау; Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметін бағалау нәтижелерін қарау; Корпоративтік хатшының 2024 жылғы IV тоқсандағы және 2025 жылғы I тоқсандағы қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру

туралы есепті қарау;

Басқарма мүшесі Б.С. Еримбетовтің 2025 жылға арналған қызметінің негізгі (тиімділік) көрсеткіштерін бекіту; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызмет тиімділігін бағалау және оған 2025 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша сыйлықақы беру туралы есепті қарау; Омбудсменнің өкілеттік мерзімін ұзарту; Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2024 жылғы қызметінің негізгі (тиімділік) көрсеткіштеріне қол жеткізуін бағалау нәтижелерін бекіту; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет қызметкерлерінің 2025 жылғы II тоқсандағы қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру туралы есепті қарау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2025 жылғы I жартыжылдықтағы қызметі туралы есепті қарау және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің комплаенс-офицерінің 2025 жылғы II тоқсандағы қызмет тиімділігін бағалау бойынша есепті бекіту; Корпоративтік хатшының 2025 жылғы II тоқсандағы қызмет тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру туралы есепті қарау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің 2025 жылғы III тоқсандағы жұмысы туралы есепті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет комплаенс-офицерінің 2025 жылғы III тоқсандағы қызметінің тиімділігін бағалау және сыйлықақы беру жөніндегі есепті қарау;

Корпоративтік хатшының 2025 жылғы III тоқсандағы қызметін бағалау және оған сыйлықақы беру туралы есепті қарау; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет қызметкерлерінің 2026 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін мақұлдау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет комплаенс-офицерінің 2026 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін қарау; Корпоративтік хатшының 2026 жылға арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін қарау.

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу

Сыйақы Компанияның тәуелсіз директорларына төленеді. Компанияның тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу рәсімі Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компанияның тәуелсіз директорларының сыйақыларын төлеу және (немесе) шығыстарын өтеу тәртібіне сәйкес айқындалған. Сыйақы мөлшері Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен айқындалады.

Тәуелсіз директорларға олармен жасалған шарттар негізінде мынадай төлемдер төленеді:

- Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін – сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін – қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорларға тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты шығыстары (жол жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына 2025 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша есептелген сыйақының салықтарды қоса алғандағы жалпы мөлшері 5 240 000 (бес миллион екі жүз қырық мың) теңгені құрады.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметі туралы есеп Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданды.



Компания Басқармасының 2025 жылғы құрамы:

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасы
Азбергенов Дияс Сержанович**

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасының бірінші орынбасары
Еркимбаев Даулет Қуандыкович**

Еңбек жолы:

2005 ж. — «Air Arabia» әуе компаниясының Алматы қаласы әуежайындағы жерүсті қызметтерін басқарушысы, әуе компаниясының Қазақстан Республикасындағы бас өкілі;

2007 ж. — Қазақстан-Британ техникалық университетін «Менеджмент» мамандығы бойынша бітірген;

2008 ж. — Алматы қаласы әкімдігінде Алматы қаласы әкімі аппаратының бас маманынан бастап Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасарына дейінгі түрлі қызметтерді атқарған;

2010 ж. — М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін MBA бағдарламасы бойынша «Экономика және басқару» мамандығымен тәмамдаған;

2014 ж. — Д.А. Қонаев атындағы Көлік және құқық гуманитарлық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген;

2015 ж. — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Операциялық басқару және тәуекел-менеджмент департаментінің директоры;

2016 ж. — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Коммерцияландыру департаментінің директоры;

2019 ж. — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Конгрестік-көрмелік іс-шаралар департаментінің директоры;

2020 ж. маусымнан бастап — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарушы директоры;

2020 ж. тамыздан бастап — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары
А.М. Рахимберлин**

Еңбек жолы:

2003 ж. — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — заңгер;

2019 ж. — Алматы экономика және статистика академиясын «Экономика» мамандығы бойынша бітірген;

2003-2004 жж. — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Ремвагон» АҚ филиалдарының экономикалық талдау және қайта құрылымдау секторының бас маманы;

2004-2014 жж. — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Жолаушылар лизингтік вагон компаниясы» АҚ бас маманы, заң бөлімінің бастығы;

2014-2016 жж. — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Вагонсервис» АҚ заң және кадр жұмысы қызметінің бастығы;

2016-2018 жж. — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры;

2018-2021 жж. — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары — Басқарма мүшесі;

2021-2023 жж. — «Almaty CITIC Kazyna Advisor» ЖШС кеңесшісі;

2023-2024 жж. — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ «Қазақстан» сауда-көрме орталығы» корпоративтік қорының бас директоры;

2024 жылғы 26 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары
Еримбетов Бауыржан Серикбаевич**

Еңбек жолы:

2001 ж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген;

2001-2003 жж. — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдарында қызмет атқарған;

2003-2008 жж. — Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызмет атқарған;

2008-2009 жж. — Ақтөбе облысының Әділет департаменті Ақтөбе қалалық Әділет басқармасының бастығы;

2009-2015 жж. — Ақтөбе облысының Әділет департаменті бастығының орынбасары;

2015-2016 жж. — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің бас консультанты;

2016-2018 жж. — Қостанай облысының Әділет департаментінің басшысы;

2018-2019 жж. — «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары;

2019-2024 жж. — «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Ақмола облысы бойынша филиалының директоры;

2024 ж. — 2024 ж. қыркүйек — Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары;

2024 ж. қыркүйек — 2025 ж. мамыр — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Сатып алу департаментінің басқарушы директоры — директоры;

2025 жылғы 6 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары — Басқарма мүшесі.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
төрағасының орынбасары
Ли Сергей Михайлович**

Еңбек жолы:

1990-1997 жж. — Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлерінде қызмет атқарған;

1995 ж. — Ресей ИМ Ішкі әскерлерінің Санкт-Петербург жоғары әскери командалық училищесін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген;

1997-1998 жж. — «Қазагропромбанк» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының жетекші заң кеңесшісі;

1998 ж. — «Қазагропромбанк» ДББҰ Батыс Қазақстан аумақтық басқармасының заң мәселелері жөніндегі маманы;

1998-2001 жж. — «Казкоммерцбанк» ААҚ Ақтөбе филиалының жетекші заң кеңесшісі;

2001-2005 жж. — Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасының мүшесі (адвокат);

2005-2006 жж. — «JUS» заң агенттігі» ЖШС жобасының жетекшісі;

2006-2007 жж. — ҚР ӘМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «Еңбек-Ақтөбе» РМК директорының міндетін атқарушы, директоры;

2007-2009 жж. — Ақтөбе облысы бойынша Салық комитетінің бас маманы, бөлім бастығы, Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;

2009-2010 жж. — Ақтөбе қаласы Салық басқармасының бастығы;

2010 ж. — заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді;

2010-2012 жж. — Ақтөбе облысының Сот актілерін орындау департаментінің бастығы;

2011 ж. — Қазақ-Орыс халықаралық университетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген;

2012-2014 жж. — Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитеті төрағасының орынбасары;

2014-2018 жж. — Республикалық жеке сот орындаушылары палатасының Басқарма төрағасы;

2019-2022 жж. — Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары;

2022-2024 жж. — Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Заң қызметі департаментінің директоры;

2024 жылғы 2 тамыздан 2025 жылғы 18 сәуірге дейін — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

**Әкімшілік-құқықтық департамент
директоры — Басқарма мүшесі
Мейіржан Алмас
Мейіржанұлы**

Еңбек жолы:

2000-2005 жж. — Астана қалалық сотының сот отырысының хатшысы, бас маманы;

2005-2009 жж. — Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі және қадағалау алқаларының бас сарапшысы, бас консультанты;

2009 ж. — Жамбыл облысы Қордай аудандық сотының судьясы;

2009-2011 жж. — Алматы қаласы Әділет департаментінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің жетекші маманы, зияткерлік меншік жөніндегі бас маманы, Жылжымайтын мүлік бөлімінің бастығы;

2011-2014 жж. — Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқықтары комитетінің авторлық құқық жөніндегі сарапшысы, өнеркәсіптік меншік жөніндегі бас сарапшысы, Ұйымдастыру-бақылау, кадрлық және талдау жұмысы басқармасының басшысы;

2014-2021 жж. — «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ Сатып алу департаментінің бас менеджері, Заң департаментінің аға заңгері, директоры;

2021 ж. — «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында қызмет атқарған;

2021-2024 жж. — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету және комплаенс-бақылау департаментінің директоры, Әкімшілік-құқықтық департаментінің директоры;

2024 жылғы 24 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін — «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма мүшесі.

Басқарма қабылдаған маңызды шешімдерге шолу

2025 жылы Басқарманың барлығы 47 отырысы өткізіліп, онда 561 мәселе қаралды. Басқарманың барлық отырыстары бетпе-бет нысанда өткізілді. Басқарма қарауына шығарылғанға дейін әрбір мәселе Компанияның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен алдын ала келісілді.

Компанияның ағымдағы қызметіне қатысты мынадай мәселелердің қаралуын ерекше атап өткен жөн:

- Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

- Компания қызметінің Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- құны Компания активтері жалпы құнының 50 (елу) пайызынан кем болатын мүлікті Компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын шарттар жасасу туралы шешімдер қабылдау;

- Компанияның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Бұдан бөлек, Басқарма Компанияның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қарауына және бекітуіне шығарылатын, алдын ала келісуді талап ететін барлық мәселелерді қарады.

Басқарманың 2025 жылғы қызметі туралы есепті Компанияның Басқарма төрағасы мақұлдады (келісті).

9-бөлім

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Компания басшылығы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған, кедейлікті жоюға, планетаны қорғауға және жаһандық әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған 17 Орнықты даму мақсатын (ОДМ) қолдайды.

Компания инфрақұрылымды дамыту мен халықаралық іс-шараларды өткізу ісін өз қызметінің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігімен табысты үйлестіреді.

ESG — бұл халықаралық қауымдастық мойындаған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік пен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және әділ корпоративтік басқару қағидадарының кешені.

Анықтама: Толық ақпарат Компанияның ресми сайтында жарияланған Орнықты даму туралы есепте көрсетілген.




EXPO аумағында электромобильдерге арналған **6** зарядтау станциясы бар



Іске жарамсыз батареяларды кейіннен кәдеге жарату үшін жинауға арналған контейнер бар



ЭКСПО кешенінің аумағында **458** ағаш отырғызылған



Компания жобекілерінде суды үнемдеу мақсатында **40** сенсорлық кран орнатылған

Әлеуметтік жауапкершілік

Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетудің мақсаты — олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ қолданыстағы ережелерге сәйкес жоғары білікті мамандарды тарту және оларды Компанияда ұстап қалу.

Компания қызметкерлерінің қатысу (тартылу) көрсеткішін анықтау үшін жыл сайын сауалнама жүргізледі, оның нәтижелері бойынша ұжымның әлеуметтік көңіл-күй деңгейіне мониторинг жасалады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабы 8-тармағының талаптарын орындау мақсатында, Компанияның келісу комиссиясы мүшелері еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу және еңбек дауларында консенсуске жету дағдыларын дамыту бойынша жыл сайын тұрақты түрде оқытылады.

Әлеуметтік қолдау

Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің мақсаты — олардың тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ қолданыстағы ережелерге сәйкес жоғары білікті мамандарды тарту және ұстап қалу.

2025 жылы Компания қызметкерлеріне мынадай бағыттар бойынша материалдық көмек көрсетілді:

- бала тууына байланысты (әрқайсысына 100 АЕК мөлшерінде) — 5 қызметкерге;
- некеге тұруына байланысты (әрқайсысына 50 АЕК мөлшерінде) — 2 қызметкерге;
- жақын туысының қайтыс болуына байланысты (әрқайсысына 300 АЕК мөлшерінде) — 8 қызметкерге.

Сондай-ақ, Компания қызметкерлері Компания қаражаты есебінен медициналық сақтандырумен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, Компания қызметкерлері үшін жыл сайын алдын ала белгіленген бағыттар бойынша таңертеңгі және кешкі тасымалдау қызметі ұйымдастырылады. Персоналды тасымалдау қызметкерлердің жұмыс орнына уақытылы әрі жайлы жетіп-қайтуын қамтамасыз етеді. Бұл шара қызметкерлердің көлік мәселесін шешуге септігін тигізіп, Компанияда еңбек тәртібінің нақты әрі үйлесімді сақталуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тасымалдауды ұйымдастыру — басшылық тарапынан қызметкерлерге көрсетілетін әлеуметтік қамқорлықтың айқын көрінісі. Бұдан бөлек, Компания қызметкерлері EXPO бизнес-орталығының жабық паркінгіндегі тегін автотұрақ орындарымен қамтамасыз етілген, бұл Компаниядағы әлеуметтік қолдау деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

Персоналды кәсіптік оқыту және дамыту олардың лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы, сондай-ақ кәсіби әрі басқарушылық қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жаңартуы мен қосымша игеруі мақсатында жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктері жоғары білікті қызметкерлерді Компанияда ұстап қалудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Компанияға білікті мамандарды тарту және негізгі қызметкерлерді ұстап қалу мақсатында олардың кәсіби дамуы үшін барлық қажетті мүмкіндіктер жасалады.

2025 жылы Компания біліктілікті арттырудың 9 курсын ұйымдастырды:

1. «ҚР еңбек заңнамасы (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып). Еңбек даулары. Еңбек даулары, оларды қарау тәртібі, келіссөздер жүргізу және

заңнаманы қолдана отырып консенсусқа қол жеткізу»;

2. «Корпоративтік құқық және корпоративтік басқару»;

3. «Тәуекел деңгейін анықтау, есептеу және басқару: практикалық тренинг»;

4. «GRI стандарттарына сәйкес жылдық есепті дайындау (GRI 201-207, GRI 301-308, GRI 401-418)»;

5. «Экологиялық және әлеуметтік саясатты іске асыру шеңберінде ESG-скрининг жүргізу»;

6. «Радиациялық қорғаныс және қауіпсіздік»;

7. «Қызметкерлерді өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқыту»;

8. «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту»;

9. «Excel кестелерімен жұмыс істеу практикумы және Power BI, Power Pivot, Power Query құралдарының көмегімен деректерді талдау»;

10. «Квазимемлекеттік субъектілер қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алудың заманауи тәсілдері».

Қызметкерлерді ынталандыру және команда құру

Персоналды ынталандыру бағдарламасы еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, қызметкерлерді оқыту, сондай-ақ материалдық емес ынталандыру шаралары, соның ішінде Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапаттау қарастырылған.

Компаниядағы команда құру іс-шаралары ұйымшыл ұжым қалыптастыруға, қызметкерлердің өзара байланысын жақсартуға және олардың психологиялық тұрғыдан демалуына бағытталған.

Компания 2025 жылы әртүрлі форматтағы 16 команда құру іс-шарасын ұйымдастырды:

1. 2025 жылғы 5 қаңтарда қызметкерлер арасында бильярдтан турнир өткізілді.

2. 2025 жылғы 7 наурызда Халықаралық әйелдер күніне орай, ұжымдағы ер-азаматтардың бастамасымен дәстүрлі концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

3. 2025 жылғы 20 наурызда ұжым арасында «Наурыз мейрамы» мерекелік байқауы өтті. Іс-шара аясында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, ұлттық ойындардан жарыстар өткізілді.

4. 2025 жылғы 18 наурызда Компания қызметкерлері дәстүрлі қазақ мәдениетін жаңғыртуға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған Ұлттық киім күніне қатысты.

5. 2025 жылғы 15 наурызда қасиетті Рамазан айы мен «Жанашыр жүрек» республикалық акциясы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-не қайырымдылық көмек көрсетілді. Компания қызметкерлері өз қаражаты есебінен киім-кешек, азық-түлік, гигиеналық құралдар мен басқа да қажетті заттарды сатып алып, балалар үйіне табыстады.

6. 2025 жылдың наурыз айында «Наурызнама» онкүндігі аясында қызметкерлер арасында «Берекелі отбасы» іс-шарасы ұйымдастырылды.

7. 2025 жылдың сәуір айында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай, ақын шығармашылығын насихаттау және өскелең ұрпақтың талантын қолдау мақсатында «Абай мұрасы — халық қазынасы» атты балалар суреттерінің байқауы өткізілді.

8. 2025 жылғы сәуірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде «QazExpoCongress» ҰК» АҚ ұжымы қалалық ортаны абаттандыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған жалпықалалық сенбілікке белсенді қатысты.

Компанияның 100-ден астам қызметкері саябақ аймағын қоса алғанда, EXPO іскерлік кешені объектілерінің іргелес аумақтарын тазалауға шықты. Санитарлық тазалаумен қамтылған жалпы аумақ шамамен 2 гектарды құрады.

9. 2025 жылғы 7 мамырда Компания қызметкерлеріне арналған Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

10. 2025 жылғы 25 маусымда Компанияда «QazExpoCongress» ҰҚА АҚ-ның гендерлік саясаты» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара аясында әйелдер мен ерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды. Бұл басқосу гендерлік теңдік саласындағы ағымдағы үрдістерді терең түсінуге және тұрақты дамуды ілгерілету мақсатында өзара ынтымақтастықтың ықтимал бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

11. 2025 жылғы 26-27 шілде аралығында Компания алғаш рет өзінің жеке корпоративтік іс-шарасы – «EXPO SPORT WEEK» спартакиадасын ұйымдастырды. Спорттық іс-шараға EXPO аумағында қызметін жүзеге асыратын 23 компаниядан 370 қызметкер қатысты. Спартакиаданы өткізудің басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, корпоративтік мәдениетті дамыту және EXPO іскерлік қоғамдастығы аясындағы серіктестік байланыстарды нығайту. Екі күн ішінде қатысушылар спорттың алты түрі бойынша бақ сынасты: футбол, волейбол, бильярд, үстел теннисі, шахмат және киберспорт (Dota 2, Counter-Strike 2). Компания командасы футболдан бірінші орынды, сондай-ақ шахматтан жүлделі орынды иеленді.

12. Абай Құнанбайұлының туған күніне орай ұлы ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өткізіліп, қызметкерлердің Жас көрерменнің музыкалық театрына баруы ұйымдастырылды.

13. 2025 жылдың қыркүйек және қазан айларында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Компания қызметкерлері көрме кешенінің аумағын көгалдандыру және ағаш отырғызу жұмыстарына белсенді қатысты.

14. Қазақстан Республикасының Республика күні мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Шара барысында Осака қаласында (Жапония) өткен «EXPO 2025» дүниежүзілік көрмесіне сәтті қатысқаны және Қазақстан Республикасының Ұлттық павильонында жоғары деңгейде қызмет көрсеткені үшін Компания қызметкерлері мен павильон стендшілері марапатталды. Оларға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алғыс хаттары, Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің және Сауда және интеграция министрінің Құрмет грамоталары, сондай-ақ Компания Басқарма төрағасының Алғыс хаттары салтанатты түрде табыс етілді. Сонымен қатар, «QazExpoCongress» ҰҚА АҚ құрылған күннен бастап мінсіз қызмет атқарып келе жатқан ардагер қызметкерлер ерекше атап өтіліп, құрмет көрсетілді.

15. 2025 жылғы 9 қарашада Компания командасы Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі ұйымдастырған «Digital Drive» корпоративтік тимбилдингке қатысты. Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлері күніне орайластырылған бұл шара спорттық эстафеталар мен командалық ойындар сериясын қамтыды.

16. 2025 жылғы 26 желтоқсанда Конгресс-орталықта Компания қызметкерлеріне арналған Жаңа жылдық корпоративтік кеш пен мерекелік конкурстар өткізілді. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау аясында қызметкерлердің 12 жасқа дейінгі балаларына арнап жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Терроризмге қарсы қорғанысты, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау Компания қызметінің басым бағыттары болып қала береді.

Компанияның объектілері мен аумағындағы ахуалды тұрақты бақылау, штаттан тыс жағдайларды уақтылы анықтау, оқшаулау және олардың жағымсыз салдарға әкеп соғуына жол бермеу мақсатында тартылған күштер мен құралдарды үйлестіру жұмыстары жүзеге асырылады. Қоғамдық тәртіпті бұзу фактілерін анықтау мақсатында тәулік бойы бейнебақылау, ақпаратты жазып алу (бейнетіркеу) және мұрағаттау жұмыстары жүргізіледі.

Компания объектілері мен аумағында бақылауды ұйымдастыру және ондағы ахуал туралы ақпаратты уақтылы алу, тыйым салынған заттарды алып өтуге жол бермеу, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаудың ықтимал әрекеттерін уақтылы анықтау және жолын кесу үшін объектіге өткізу және оның ішінде режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылды.

Есепті кезеңде қорғалатын тұлғалардың қатысуымен өткен 48 іс-шараның, сондай-ақ жоғары лауазымды тұлғалардың қатысуымен өткен 74 іс-шараның қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Осы іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында Мемлекеттік күзет қызметі (МКК) мен Ішкі істер министрлігі (ИИМ) тарапынан қажетті қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, көрме кешені аумағындағы объектілерде 154 мәдени-бұқаралық іс-шараның қауіпсіз өтуі қамтамасыз етілді.

Террористік тұрғыдан осал объектілерді (бұдан әрі – ТТО объектілер) терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша Компанияда бірқатар іс-шаралар іске асырылды.

Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № 32 «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №7 «Нұр-Сұлтан қаласының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысына сәйкес есепті жылы халықаралық маңызы бар 5 ТТО объектісінің терроризмге қарсы қорғалу паспорттары әзірленіп, бекітілді. Олардың қатарында «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Astana Hub» халықаралық технопарк және «Astana IT University» бар. Көрме кешенінің объектілері мен аумағында іс-шаралар өткізу кезеңінде қоғамдық және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша 228 нұсқамалық берілді.

Компания қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі талаптарын саналы түрде сақтау деңгейін арттыру бағытында жүйелі түрде жұмыс жүргізеді.

Компания объектілеріне, сондай-ақ жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген павильондарға тұрақты негізде өрт-техникалық тексерулер жүргізіледі. Бұған қоса, өртке қарсы қорғаныс жүйелері мен құралдарының жай-күйіне және олардың жұмысқа қабілеттілігіне тұрақты мониторинг жүзеге асырылады. 2025 жылғы ақпанда «AMF-AZIA» ЖШС жүргізген аудит нәтижесі бойынша Компания объектілерінің өрт қауіпсіздігі талаптарына толық сәйкестігі анықталып, оң қорытынды берілді.

Есепті кезеңде автоматты өрт дабылы жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігіне 82 тексеру, орынжайларға 97 тексеру жүргізілді, сондай-ақ жалға берілетін алаңдардағы өрт қауіпсіздігінің нормалары мен талаптары бойынша 102 кеңес (консультация) берілді. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (ТЖМ) Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментімен (ТЖД) бірлесіп, «Конгресс-орталық» объектісінде өрт-тактикалық оқу-жаттығулары өткізілді. Оған Компания қызметкерлерімен қатар, «Астана» халықаралық қаржы орталығының, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің



және «Astana IT University» мекемелерінің қызметкерлері қатысты. Оқу-жаттығу барысында өрт болған жағдайда әрекет ету және алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану дағдылары пысықталды.

Есепті кезеңде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі күш-жігер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, объектілер мен көрме кешенінің аумағында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік жарақаттану мен зиянды әрі қауіпті факторлардың әсеріне жол бермеуге бағытталды.

2025 жыл ішінде павильондарға 86 тексеру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының нормаларын сақтау бөлігінде қатыстырылған мердігер ұйымдардың персоналы үшін 219 консультация өткізілді. Тиісті құжаттаманы тексеру нәтижесінде қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге арналған 353 наряд-рұқсат келісілді.

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Компанияның барлық қызметкері жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

Алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық көмек көрсету, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу мақсатында арнайы бөлінген орынжайда медициналық пункт жұмыс істейді. Медициналық пункт қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған және алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек жиынтығымен жарақтандырылған.

Есепті кезеңде Компания объектілерінде жазатайым оқиғалар, қызметкерлердің жарақаттануы немесе өзге де оқыс оқиғалар орын алған жоқ.

Жаңғырту және цифрландыру

Қызметтің негізгі басымдықтары ретінде ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, зияткерлік талдау элементтерін енгізу, сондай-ақ EXPO объектілерін одан әрі цифрлық трансформациялау үшін технологиялық база құру айқындалды.

АТ инфрақұрылымын дамыту

- АТ-инфрақұрылымын жаңғырту және қолдау бойынша іс-шаралар кешені іске асырылды.
- Серверлік жабдықтар мен желілік инфрақұрылымның үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.
- Арнайы құралдарды қолдану арқылы IT-жүйелерге тұрақты мониторинг жүргізу жұмыстары ұйымдастырылды.
- Бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары (BCP) мен апаттан кейін қалпына келтіру жоспарын (DRP) өзектендіру және тестілеу бойынша тиісті шаралар жүзеге асырылды.

Ақпараттық қауіпсіздік

Желілік инфрақұрылымның қорғалу деңгейін арттыруға және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі құралдарын жаңғыртуға басты назар аударылады. Атап айтқанда, мынадай жұмыстар атқарылды:

- желілік инфрақұрылымды жаңғырту аясында ескірген жүйелерден заманауи «FortiGate» платформасына, соның ішінде жаңа буын желіаралық экрандарына көшу процесі жүзеге асырылды;
- желілік өзара іс-қимылды басқаруды, сегменттеуді және бақылауды күшейту мақсатында желілік архитектураны оңтайландыру жұмыстары жүргізілді;
- веб-ресурстарды қорғау (WAF) және желіге қолжетімділікті басқару (NAC) бойынша қосымша қауіпсіздік тетіктерін енгізуді пысықтау шаралары басталды.

Заңнама талаптарына және ішкі стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету шеңберінде:

- Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы қамтамасыз етілді;

• дербес деректерді қорғау және ақпаратты өңдеу процестерін регламенттеу бөлігінде ішкі нормативтік

құжаттарды әзірлеу басталды.

Цифрлық жобаларды іске асыру

Цифрландыру бағдарламасы шеңберінде мынадай жобалар іске асырылды және дамытылды:

- тұрақ кеңістігін автоматтандыру платформасын (O.P.E.R.) енгізу және дамыту, соның ішінде «Kaspi» және «Halyk» төлем сервистерімен интеграциялау жұмыстары жүргізілді;

• Компания объектілерінде Face ID элементтері бар зияткерлік бейнебақылау жүйелері енгізілді;

• бизнес-процестерді цифрландыру және BPM-жүйелерін енгізу бойынша пилоттық жобаларға қатысу қамтамасыз етілді;

• пайдаланушылармен және жалға алушылармен өзара іс-қимыл жасаудың цифрлық арналары дамытылды;

• цифрлық экрандардағы медиа-контентті жаңарту және сүйемелдеу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде («AlemAI» медиақасбеті, көше экрандары, лифт панельдері).

Компания қызметінде талдау сапасын жақсарту және операциялық тиімділікті арттыру үшін жасанды интеллект құралдарын енгізу жұмыстарына басымдық беріледі.

Жүйелерді пайдалану және пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсету

Пайдаланушылар мен сервистерге тәулік бойы қолдау көрсету қамтамасыз етіледі:

• келіп түскен өтінімдерді өңдеу IT-қызметтерді басқару жүйесі (Service Desk) арқылы жүзеге асырылады;

• оқыс оқиғалар (инциденттер) мен пайдаланушылардың сұраныстары қызмет көрсету деңгейі туралы келісімге (SLA) сай уақтылы орындалады;

• IT-қызметтердің сапа көрсеткіштері бойынша тұрақты негізде есептілік жүргізіледі.

2025 жылы өтінімдерді өңдеу уақытын қысқарту және техникалық қолдау көрсету сапасын жақсарту есебінен пайдаланушылардың қанағаттану деңгейінің артқаны байқалды (тіркелді).

Негізгі тәуекелдерді басқару шеңберінде («Акт үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету») келесі іс-шаралар іске асырылды:

- АТ-сервистерінің қолжетімділігін тұрақты бақылау;
- инфрақұрылымдағы кедергілерді анықтау және жою;
- ескірген жабдықты жаңарту (қаржыландыру бойынша);
- техникалық қолдау және сүйемелдеу үшін қолданыстағы шарттардың болуын қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ашық, жауапты және адал корпоративтік ортаны қалыптастыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, Компания қызметінің ашықтығын арттыруға және ұжым арасында адалдық мәдениетін дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар іске асырылды. Жыл бойы қызметкерлер арасында оқыту семинарлары, жұмыс кездесулері мен жасырын (анонимді) әлеуметтік сауалнамалар ұйымдастырылды. Ұжымның Іскерлік әдеп кодексі талаптарын білу деңгейін анықтау мақсатында арнайы тестілеу өткізілді. Сонымен қатар, Компанияның ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдері мен нормативтік құжаттарын жетілдіру бойынша тиісті шаралар іске асырылды.

Атқарылған жұмыстар қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, ішкі бақылау жүйесін нығайтуға және ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ бұл шаралар комплаенс тетіктеріне деген сенімді нығайтуды және Компания қызметін тұрақты әрі жауапты жүргізу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

10-бөлім.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

Компания қызметі экологиялық тұрғыдан қауіпті болып табылмайды және қоршаған ортаға елеулі экологиялық тәуекелдер тудырмайды. Сонымен қатар, Компания табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және экологиялық қауіпсіз шешімдерді енгізуді қамтамасыз ете отырып, қоршаған ортаға келетін ықтимал әсердің алдын алу және оны барынша азайту қағидатын ұстанады.

Компания объектілердің экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған бірқатар шараларды іске асыруда. Соның ішінде «жасыл» инфрақұрылымды дамытуға, энергия тиімділігін арттыруға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ түрлі экологиялық бастамалар мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға белсенді қатысуға ерекше көңіл бөлінеді.

Көгалдандыру және абаттандыру

2025 жылы ЕХРО аумағында «жасыл» инфрақұрылымды дамыту мен қолдауға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ келушілер, жалға алушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы әрі эстетикалық тұрғыдан тартымды орта қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар іске асырылды.

Есепті кезеңде ЕХРО аумағын абаттандыру және көгалдандыру аясында мынадай кешенді іс-шаралар іске асырылды:

- 483 түп ағаш отырғызылды, оның ішінде: 185 түп ұсақ жапырақты жөке (липа); 125 түп кәдімгі қарағай; 80 түп шар тәрізді тал; 40 түп емен; 25 түп тау қарағайы; 18 түп шетен (рябина); 10 түп виргин талшыны (черемуха). Аталған шаралар аумақтың көгалдану деңгейін арттыруға, атмосфералық ауа сапасын жақсартуға және қолайлы микроклимат қалыптастыруға септігін тигізеді.

- 1 629 түп бұта отырғызылды (оның ішінде: жылтыр ырғай (котонеастер), «Аtropurpurea» Тунберг бөріқарақаты, «Sibirica» қызыл талы (дерен), Биллард тобылғысы (спирея), арша, гортензия, көпіршікбас), сондай-ақ 180 м² аумаққа мульча төселді. Бұталарды отырғызу жұмыстары аумақтың эстетикалық құндылығын арттыруға, топырақ жамылғысын нығайтуға және тұрақты жасыл композициялар жасауға бағытталған.

- маусымдық көгалдандыру аясында аумақтың эстетикалық келбетін жақсарту және тұрақты гүлзарлар қалыптастыру мақсатында көпжылдық және біржылдық гүл дақылдары отырғызылды. Соның ішінде: көпжылдық гүлдер — 4 880 дана, біржылдық гүлдер — 26 000 дана;

- 1 200 м² алаңға көгал жамылғысы төселді;

- жасыл желектерге тұрақты күтім жасау, соның ішінде жүйелі суару, агротехникалық қызмет көрсету және олардың вегетативтік жай-күйіне бақылау жүргізу шаралары толық қамтамасыз етілді.

Атқарылған кешенді шаралар аумақтың экологиялық тұрақтылығын арттыруға, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, сондай-ақ келушілер, жалға алушылар мен қызметкерлер үшін ЕХРО объектілерінде қолайлы жағдайлар қалыптастыруға септігін тигізеді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі

Компания объектілерді пайдалану барысында энергия тиімділігін арттыруға және энергетикалық ресурстарды тұтынуды оңтайландыруға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруда.

Есепті кезеңде энергия үнемдеу бағытында мынадай іс-шаралар орындалды:

- іс-шаралар өткізілмейтін кезеңде ғимараттардың инженерлік жүйелері ең төменгі (үнемді) режимге ауыстырылды;

- жұмыс уақытынан тыс кездерде ғимарат ішіндегі

жарықтандыру және кондиционерлеу жүйелері ішінара өшірілді;

- жалға алушылардың электр энергиясын ұтымды әрі үнемді тұтынуына тұрақты бақылау жүргізілді;

- электр жабдықтарының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы профилактикалық жұмыстар атқарылды;

- энергия ресурстарын есепке алу аспаптарының (есептегіштердің) көрсеткіштеріне тұрақты негізде мониторинг, есепке алу және талдау жұмыстары жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ЕХРО объектілерінде электр энергиясын нақты тұтыну көлемі 37,9 млн. кВт·сағ құрады. Бұл 2024 жылғы көрсеткішпен (50,9 млн. кВт·сағ.) салыстырғанда 13 млн. кВт·сағ. аз.

Нәтижесі: ЭКСПО объектілерінде электр энергиясын тұтыну көлемі өткен жылмен салыстырғанда 25,6% - ға төмендеді.

Суды тұтыну және суды үнемдеу

Компания су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және объектілерді пайдалану кезінде су шығынын азайтуға бағытталған шараларды іске асырады.

Есепті кезеңде су ресурстарын үнемдеу бағытында мынадай іс-шаралар іске асырылды:

- Компания Басқармасының 2025 жылғы 28 мамырдағы № 24-25 шешімімен Су тұтыну және суды үнемдеуді басқару саясаты бекітілді;

- 2025 жылдан бастап барлық ЕХРО объектілерін сенсорлық және су үнемдеуші құрылғылармен кезең-кезеңімен жарақтандыру жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, «Астана» халықаралық қаржы орталығы объектісінде (С3 блогы) 40 сенсорлық араластырғыш (смеситель) орнатылды;

- инженерлік желілерге қызмет көрсететін мердігер ұйым тарапынан ағымдағы жөндеу жұмыстары атқарылды, соның ішінде істен шыққан жабдықтар жаңасына ауыстырылды;

- аумақты автоматты түрде суару үшін сыйымдылығы 100 м³ резервуар пайдаланылады. Бұл техникалық қажеттіліктерге жер асты суларын қолдануға мүмкіндік беріп, ауыз суды тұтыну көлемін айтарлықтай азайтады;

- сумен жабдықтау жүйелерінің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіліп, судың ағып кету (ысырап болу) фактілерін уақтылы анықтау және жою шаралары жүзеге асырылуда.

2025 жылы судың нақты шығыны 113 073 м³ құрады, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен (99 936 м³) салыстырғанда 11,6%-ға жоғары. Дегенмен, объектілерді бір тұрақты пайдаланушыға шаққандағы су тұтынудың үлес көрсеткіші 2024 жылғы 5,12 м³/адамнан 2025 жылы 4,90 м³/адамға дейін, яғни 4,3%-ға төмендеді. Бұл өсім Компания объектілеріндегі адамдар (қызметкерлер мен келушілер) санының артуымен байланысты. Үлес көрсеткішінің бұлайша төмендеуі су ресурстарын пайдалану тиімділігінің артқанын айқын көрсетеді.

Нәтижесі: су тұтыну көлемі 4,3%-ға төмендеді. Парниктік газдар шығарындылары Компания тұрақты даму қағидаттарына сәйкес парниктік газдар шығарындыларына мониторинг жүргізеді. Оның ішіне электр және жылу энергиясын тұтынумен байланысты тікелей (Score 1) және жанама (Score 2) шығарындылар кіреді.

Шығарындылардың сандық көрсеткіштері мен атқарылған іс-шаралар туралы толық ақпарат Компанияның орнықты даму туралы есебінде ашып көрсетіледі.

11-бөлім.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ПРОГРЕСС (РЕГРЕСС)

2025 жылғы 1 шілдеде «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 349 қаулысы күшіне енді. Оған сәйкес «QazExpoCongress» ҰК» АҚ мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы 100 (жүз) пайыз мөлшерінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.

- Компанияның ведомстволық бағыныстылығының өзгеруіне байланысты оның қызметінде жаңа міндеттер мен стратегиялық бағыттар айқындалды. «Активтерді жаңғырту және цифрландыру» міндетін іске асыру жөніндегі шаралар аясында «Сенімділікке бағдарланған техникалық қызмет көрсету» (RCM) жүйесін, бағдарламалық қамтамасыз ету мен басқару жүйелерін жетілдіру, киберқауіпсіздікті күшейту, сондай-ақ EXPO-ның бүкіл аумағы бойынша ғимараттарды басқару, бейнебақылау және желілік инфрақұрылым автоматтандырылған жүйелерін жаңғырту көзделген.

Осыған байланысты, Компанияның Даму жоспарындағы стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында, Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 6 мамырдағы шешімімен (№ 4 хаттама) жаңа редакциядағы Ұйымдық құрылым бекітілді.

- 2025 жылы жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 қазаннан бастап «Бірыңғай кадр жүйесі» ақпараттық жүйесі («БСЖ» АЖ) енгізілді.

- Компания қызметкерлерінің жұмысқа ынтасын арттыру аясында 2025 жылы команда құру іс-шараларының саны өсті. Атап айтқанда, бұл көрсеткіш 2024 жылғы 14-тен 2025 жылы 16 іс-шараға дейін өсті.

- 2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы Компания халықаралық ауқымдағы қызметін кеңейтті. Атап айтқанда, алғаш рет Барселона қаласында өткен «ITM World» көрмесінде Астана қаласының туристік әлеуеті таныстырылып, негізгі серіктестермен бірқатар екіжақты кездесулер өткізілді. Осылайша, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда, елорданы іскерлік туризм орталығы ретінде ілгерілетуде, экономикалық әрі инвестициялық байланыстарды кеңейтуде, сондай-ақ тәжірибе алмасу мен өзара іс-қимыл платформаларын қалыптастыруда оң динамикаға қол жеткізілді.


- 2025 жылы Компания қатысқан халықаралық іс-шаралар саны айтарлықтай артты. Мұндай ауқымды шараларға қатысу өз алаңымызда халықаралық оқиғаларды ұйымдастыру тәжірибесін байытуға бірегей мүмкіндік береді.

Бұл ретте EXPO форматындағы көрмелерді өткізу және олар аяқталғаннан кейін объектілерді тиімді пайдалану бағытында тәжірибе алмасудың маңызы зор. Мәселен, жақында өткен «EXPO 2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық павильоны «С» үлгісіндегі шағын павильондар арасында бас номинация — «Theme Development» (Көрме тақырыбын ашу) бойынша бірінші орынды иеленді. Ел экспозициясы көрме тақырыбын өте ерекше әрі мазмұнды ашқаны үшін халықаралық қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды.

Көрме барысында Қазақстан павильонына шамамен 1,5 миллион адам, сондай-ақ 400-ге жуық жапондық және шетелдік ресми делегация келді. Павильонға күн сайын орта есеппен 9 мыңға жуық адам келді. Ұлттық павильон алаңында 14 мәдени және іскерлік іс-шара ұйымдастырылды.

- 2025 жылы конгресс-көрме іс-шараларына, кеңсе және сауда жылжымайтын мүліктеріне алаңдарды жалға беруден түскен табыс 13 103 млн теңге жоспарға қарсы нақты 14 070 млн теңгені құрады. Бұл ретте объектілердің толтырылу көрсеткіші 100%-ға жетті. Салыстырмалы түрде, 2024 жылы бұл кіріс 10 667 млн теңге жоспарға қарсы нақты 11 918 млн теңгені құраған болатын, бұл көрсеткіштердің оң динамикасын айғақтайды.

- 2025 жылы өткізілген іс-шаралар саны 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда айтарлықтай артты. 2025 жылы барлығы 168 іс-шара өткізілді, оның ішінде Халықаралық көрме орталығында (ХХО) – 76, ал Конгресс-орталықта 92 іс-шара ұйымдастырылды. Салыстырмалы түрде, 2024 жылы барлығы 160 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде Халықаралық көрме орталығында (ХХО) – 47, ал Конгресс-орталықта 64 іс-шара өткізілді.



- 2025 жылы АТ-инфрақұрылымын жаңғырту және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, бірқатар негізгі технологиялық жобалар іске асырылып, Компанияны одан әрі трансформациялау, соның ішінде инновацияларды енгізу және заманауи цифрлық сервистерді құру үшін берік негіз қаланды.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Азаматтардың өтініштеріне арналған
электрондық адрес:**

kense@qazexpocongress.kz

**Хаттарды қабылдауға арналған кеңсе
телефоны:**

+7(7172) 91 71 22, 91 70 18, 91 70 22

Комплаенс қызмет:

+7 7172 91 71 04





1-қосымша

«KPMG» халықаралық консалтингтік компаниясы аудит жүргізген «QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2025 жылғы жылдық (жеке және шоғырландырылған) қаржылық есептілігі.

